

# ПИОНЕР




№ 4 АПРЕЛЬ 1957  
АЛМАТЫ



# ЛЕНИН МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Музыкасын жазған  
Е. БРУСИЛОВСКИЙ  
Сөзін жазған  
Б. ИСҚАҚОВ.

*Moderato*



Күн діз бейне күміс күн, түнде бейне алтын ай.

*Moderato*

ай, ұлы Ле-нин ди-да-ры жа-сар мән-гі жар-қы-рай, жар-қы-рай жа-қа-рар

Г басмақ қайталау 8. үшін

б.

Күндіз бейне күміс күн,  
Түнде бейне алтын ай.  
Ұлы Ленин дидары,  
Жасар мәңгі жарқырай.

Мүмкін, мұхит суалар,  
Мүмкін, терек қуарар.  
Бірақ, Ленин тіккен ту,  
Мәңгі шалқып тұра алар.

Гүл де солар, ағарар,  
Тау да тозар, жоғалар.  
Бірақ, Ленин ұлы ісі,  
Мәңгі жасар, жаңарар.





*Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол*

# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 4

АПРЕЛЬ  
1957 ж.

*Айына бір рет шығады.*

*Шығуына 19 жыл.*



А. Кононов.

## ШУШЬ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫНДА

*Әңгіме*

Сибирьдегі Шушь өзенінің жағасында Шушенскі селосы бар. Ескі заманда оны — селоны біле қоятындар некен-саяқ-ты. Ол темір жолдан шалғай, үлкен қалалардан тым қашық, жылым батпақты қалың орманның ішінде, жөнді көзге түспей, елеусіз тұра берген. Оған тіпті хат та сирек келуші еді.

Сол Шушенскідің ең шетінде Сосипатыч дейтін жарлы шаруа тұратын-ды. Оның

Алексей деген немере інісі болған. Оны Сосипатыч Лешка деп атап кеткен.

Сосипатыч аңға — үйрек, қоян атуға жиі баратын, Лешканы ол әлі кішкенесің деп ертпейтін.

Сол үшін Лешаның бір мәртебе жылағаны да бар. Ол жылап тұрғанда, Сосипатыч қасақана қырсыққандай, ұзақ күйбеңдеп, аңға тез кетпей-ақ қойғаны, шамасы, біреу-

ді күткенге ұқсады. Леша болса, оның қасынан кетпей, жылап тұр. Оның тап сол заматта Сосипатычке өкпелегені сонша, тіпті оған қарауды қойып, көшеге бұртылып телміріп қалған. Онда, шешек атып жайқалған ақ гүлдер арасында, қоңыр қаздар жайылып жүр; ол сондай бір тып-тыныш көше. Міне, деревнядағы осы көшеде иығына мылтық асқан, үстінде қала адамынша киген қара пиджагі бар бір адам ерекше көзге түсті. Ол тез басады, Сосипатычке асығып келе жатқанға ұқсайды.

Жасын тамшылатпау үшін, Леша көзін алақанымен баса қойды. Онан соң ол бетін сәл ашып қалып еді, көзінен жас онан бетер парлады, себебі — Сосипатыч оны нұсқап күліп, пиджакты адамға былай деді:

— Көрдің бе, Ильич, менің немере інімнің қайғысының қандай екенін — аңға ертпедің деп тұр.

Бірақ ол, Ильич деген адам, күлместен байсалды қарап қалды.

Мұнан кейін Сосипатыч күлкісін тыйды да былай деді:

— Әйткенмен, баланың жолы болмай тұр.

— Жолы болмайды дейсіз бе? — деп сұрады Ильич көзін Лешадан алмастан қарап қалған күйі.

— Ау, сенің өзің ойласаңшы, орманға ол қайтіп бармақ! Ол онда аяғына шөгір енгізіп алады ғой.

— Шөгір енгізбейді, біз соқпақпен барамыз.

— Ал, сонда сенің соқпағыңа мені ат деп, шілдердің өзі келмек пе? — деді Сосипатыч, бірақ ол онан әрі сөз таластырған жоқ.

Сөйтіп Леша өзінің өмірінде бірінші рет аңға шықты.

Орманда қара суық екен. Орталықтағы алаңға шыққанда ғана күннің жадыраңқы шуағы бойды жылыта жөнелді. Алаңда жайқалған көк майса, құжынаған бал аралар. Мұның ауасы да хош иісті таза, көтеріңкі екен: аңқыған қызыл қайыңның, алуан гүлдердің, май қарағайдың иісі сарайыңды аша түседі. Мұндай алаңнан кеткің де келер емес.

Өстіп отырғанмызда Ленин кенет былай деді:

— Айтқандайын, мен белбеуімді қалдырып кетіппін ғой. Мен бүгін ештеңе ата алмайды екемін.


Аңшылардың атып алған құстарын байлап алу үшін пиджагінің сыртынан белбеу буынатынын Леша білетін. Ол Сосипатычка

қараса: оның да белбеуі жоқ екен. «Егер атпайтын болса, онда қандай аңшылық болғаны», — деп Леша тіпті аңырып та қалды.

Ильич оған көз қыйығын тастай күліп: — Жол болмай тұр ма? — деді.

Осы кезде алдыңғы бұталардың үстінен бірдеңе сылаң етті.

Ильич иығындағы мылтығын жалма-жан ала салып періп қалғанда, гүрс еткен оқтың даусы маңайдың әлем-тапырығын шығарды.



Ильич мылтығын сылқ түсіріп кінәсін мойындай:

— Әй, декбірсізім-ай... Қалай басып салғанымды өзім де білмей қалғаным...

Ал, Леша болса қуанып, ілгері тұра жүгірді. Ол дереу бұта арасында өліп жатқан шілді тапты. Осыдан кейін барып шындап басталды аңшылық. Кешқұрым аңшылар үш шілден, ал бір шілді, Ильичтің ең әуелгі атып түсірген шілін, Леша алып қайтты.

Олар орманнан шыққанда, күн ұясына мініп қалған екен. Шық түсіп, шөп сілбіленіп, дала салқын тартып қалған екен де, тек күндіз күн көзі жылтқан соқпақтың топырағы ғана жылы екен. Леша бұған мүлдем таңырқап, жалаңаяқ ол шөпті жерден соқпаққа шыға береді.

Өстіп келе жатқанда Ильич кенет оның иығынан қағып қалып, Шушь өзенін мезгеді: онда көз ұшында бір топ тағы аққулар жүзіп жүр екен. Батар күннің қызыл арайын орана шөккен бұлттар тәрізді олар да қызара құлпырады.

Ильич оларға қарап ұзақ тұрды... Біраздан соң күннің көзі орманға жасырынды да, аққулар да көрінбей қалды, үйге қайтар мезгіл де жетті.

Үйге келген соң Леша ағасынан Ильичтің деревняға қайдан келгенін сұрады.

— Ол өзінің еркімен келген жоқ, — деп жауап қайырды Сосипатыч, — оны мұнда жіберген патша.

Осыдан былай қарай Леша Ленин орналасқан үйге талай-талай келді. Бірақ ол күні ұзын жұмыс істеумен болды — түн ортасына шейін ылғый кітаптар оқыйды, қағаздар жазады. Сөйтіп оның енді қашан аңға шығарын білудің лажы табылмай қойды.

...Қыс түсіп, Шушь өзенін мұз да жапты. Енді Ленинді кездестіру оңайланып кетті: әр күні кешқұрым, жұмыстан шаршап шыққан бетте ол, коньки тебу үшін өзенге келеді. Ол кезде коньки Шушенскіде құбыжық тәрізді көрінуші еді. Балалар Ильичке қарап-қарап, ағаштан өздеріне коньки жасауға кірісті. Сөйтті де олар ағаш конькиге жіңішке темірден жүз орнатты.

Бірден жасап бере қоймаса да, Сосипатыч те Лешаға ағаш коньки істеп берді.

Леша оны ала салып дереу өзенге жүгірді. Келіп қараса, мұздың бетін күртік басып, Шушенскідегі балалар жағада тұрып қалған, не істерін білмейді. Коньки тебер еш тегіс мұз жоқ.

Өстіп тұрғанда Леша Лениннің әдетінше, асыға басып келе жатқанын көрді. «Ол қазір тағы да жолың болмай тұр ма?» — деп сұрайды деп ойлады Леша. Бірақ Ильич жақындап келіп, балаларға, қарға қарады да көңілдене былай деді:

— Ал, егер біздер нағыз катоктың өзін жасап алсақ қайтеді?

Сөйтті де, оны қалай істеу керегін көрсете бастады.

Балалар да іске кірісіп кетті: қарды бората күреп жатыр. Көп ұзамай-ақ болашақ катоктың айналасына қар кемерленіп үйіліп қалды. Ал, ортадағы мұз алаңын балалар сыпырғышпен тазартып тастады. Мұнан кейін олар орманға барып, ёлкалар сындырып әкелді де, олармен катокты қоршай үйілген қарды безендірді.

Каток жасалып біткен соң, құлап мұрындарын бұзып алмау үшін, Ильич ең кішкентай балаларды коньки тебуге үйрете баста-

ды. Ең кішкентайдың бірі Леша еді. Сол себепті Ильич те соны өзгелерден көбірек үйретті. Ол екеуі бірге қол ұстасып алып конькимен ұзақ жүгірісті.

Сонан бері көп-көп жылдар өтті. Шушенскі селосы бүкіл әлемге әйгі болды: патша үкіметі Владимир Ильич Ленинді, ол «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағын» құрып, оны Петербургте басқарғаны үшін, 1897 жылы осы селоға жібергенін енді бәрша жұрт біледі. Алыс айдауда, Сибирьдің ең меңіреу осы түкпірінде ол ұзақ — үш жыл бойы болды.

Енді Шушенскі селосын біліп болар емес!

Бір замандарда мұзда ағаш коньки тепкен Шушенскі балалары әлдеқашан ержетіп үлкен кісі боп кеткен. Енді Шушенскіде жаңа өзге балалар коньки тебеді. Тек бұлардың конькилері ағаш емес, жақсы болаттан жасалған нағыз конькилер.

Анада, қыста, Шушенскіге бір жұмысшы келген. Ол осы селода өскен, ал қазір де қалада тұрады, заводта жұмыс істейді. Селода оның тек семьясы ғана.

Міне, сол кісі демалған соң конькиін алды да, сырғанақ тебуге баласын ертіп Шушь өзеніне жөнелді. Жолшыбай келе жатып ол баласына:

— Кел, жарысайық! — деді.

— Кел, — деп жауап қайырды да баласы: «Бұған, шалға, менімен жарысу қайда!» — деп ойлады.

Олар өзенге келіп конькилерін киді де, жарысуға мұз айдынына шықты. Сонда әкесі баласын айдалаға қалдырып кетті. Баласы не дерін білмей сасып қалды. Ол әкесінің аяғына қарады да, былай деді:

— Я... Әне қара, сенің аяғың қандай ұзын!

Әкесі мырс етіп:

— Жоқ, аяғы ұзындықтан озбайды, шапшаң тебе білгендіктен озады., — деді.

Осыдан кейін олар тағы да жарыса жөнелді, әкесі баласынан тағы да озып кетті. Озған ол былай деді:

— Саған қуып жету қайда мені! Маған коньки тебуді баяғыда Лениннің өзі үйреткен.

Міне, осыдан кейін ол баласына Шушь өзенінде алғашқы катоктің қалай жасалғанын айтып берді. Сөйтті де ол жағаға көтеріліп, бір заманда Тайғаға айдауға жіберілген Лениннің тұрған жерін көрсетті де, су бетінде еркін жүзген аққулардан көзін алмастан тұрып қалды.

Аударған М. НҰРТАЗИН.

Д. Ульянов

## ГИМНАЗИЯДА

I

Владимир Ильич гимназияда сабақты тамаша оқыды, кластан класқа бүтіндей «бестік» бағамен және бірінші сыйлықпен көшіп отырды. 17 жасында гимназияны алтын медальмен бітіріп шықты.

Оған үйге шығарма жазуға тапсырған кезде, ол өзінің көптеген гимназист жолдастары құсап ешуақытта шығарманы мұғалімге тапсырар қарсаңда, сол күнгі түнде отырып, асығыс-үсігіс жазып көрген емес. Керісінше, шығарманың тақырыбы хабарланып, жазу мерзімі (көбінесе, екі апта болатын) белгіленісімен Владимир Ильич бірден іске кірісетін. Бір парақ қағаздың төрттен бір бөлігіне шығарманың кіріспесі мен қортындысын еске ала отырып, жоспарын жасайтын. Сонан соң бір парақ қағазды алатында, ұзынынан екі бүктеп, оның сол жақ бетіне, жасаған жоспарына сәйкес, әріптер мен цифрларды қондырып, шығарманың алғашқы нұсқасын түсіре бастайтын. Қағаздың оң жақ, яғни көлемді беті таза қалпында тұратын. Оған келесі күндері ол шығармаға қосымшалар мен анықтамаларын, түзетулерін енгізетін және сондай-ақ, қандай әдебиетке сүйенгенін — мынадай кітаптың осындай бетін қара деп жазып қоятын.

Бірте-бірте, күн өткен сайын бастапқы черновик қағаздың оң жақ беттері көптеген белгі, түзетулерге, ескертпелерге және тағы басқаларға толады. Бұдан кейін, шығарманы тапсыруға шамалы уақыт қалған кезде, ол қағаздың таза парақтарын алады да, бүкіл шығарманы сол алғашқы черновик күйінде жаза бастайды. Күні бұрын әзірлеп алған әртүрлі кітаптарындағы өзінің соққан белгілеріне қарап, салыстыра отырып жазады. Мұнан соң оның таза дәптерді алып, әбден өңделіп, әзірленген шығарманы сыямен таза көшіріп жазуы ғана қалады.

Атай кететін бір жай, Владимир Ильич ешуақытта (гимназияда) черновикті сыямен жазбайтын, тек қарындашпен ғана жазатын. Ол қарындашты, ерекше бір сүйсіне отырып, өте жіңішке, үшкір етіп ұштайтын. Сонда әріптер қағазға жіптіктей болып түсетін. Қарындаштың ұшы мұқалып, немесе сынып қалса, ол оны қайтадан отырып кө-



В. И. Лениннің гимназиядағы кезі.

ңіліндегідей болып шыққанша ұштай беретін.

Мен, ол кезде он екі-он үш жасар бала кезім, Владимир Ильичтің шығарманы қалай жазғанын байқауды өте қызық көретінмін; ол шығып кеткенде черновиктің бірінші парағына үңіліп, оның оң жақ бөлігінің жаңа жолдармен қалай тез толып қалғанына таңырқаушы едім.

Владимир Ильичке ауызша тілден беретін және оның шығармаларын алдымен бағалайтын адам Симбирскі гимназиясының сол кездегі директоры, белгілі эсер Керенскийдің әкесі Федор Михайлович Керенский еді. Ол Владимир Ильичтің жазған шығармаларына сүйсініп, көбінесе оған жай ғана «бес» деген баға қоймай, бестің қасына қосу белгісін қоса қоятын. Әсіресе, Владимир Ильичтің шығармаларындағы бір жүйелілік, қысқа да, айқын және қарапайым баяндалған ой байлығы оған өте ұнайтын. Мұны ол біздің анамызға да сан рет айтқан.

Владимир Ильичтің гимназист кезінде жазған кейбір шығармаларын біздің ана-

# есте қалғандар

мыз көпке дейін сақтап келіп еді, бірақ амал не, бір қаладан екінші қалаға сан рет көшіп-қону, жандарм тінтулері және басқа себептерге байланысты ол шығармалардың бәрі жоғалып кетті.

Өзінің оқушылық шығармаларында (сол кездің өзінде-ақ) Владимир Ильич ежелден келе жатқан жақсы әдісті — аз сөз жазып, көп ой беру керектігін берік ұстанған.

## М. Ульянова

### II

Гимназияның жоғарғы кластарында жүргенде Владимир Ильич кешкі уақыттарының бәрін кітап оқумен, революциялық істерге, өзінің кейінгі бар өмірін сарып еткен игілікті істерге дайындалумен өткізді. Әсіресе, оның гимназияны бітірген кезі, Петербургке жүрмес бұрын, Қазанда және Самарада бізбен бірге тұрған жылдары менің жақсы есімде.

1887 жылы (Владимир Ильичтің гимназияны бітірген жылы) көктемде біз үлкен ағамыздың өлім жазасына кесілгені туралы жайсыз хабар алдық. Содан бері бірнеше ондаған жылдар өтті ғой, бірақ Владимир Ильичтің сол сәттегі бұзылып кеткен өңі менің дәл көз алдымда, оның сондағы айтқан: «Жоқ, біз мұндай жолмен бармаймыз. Мұндай жолмен жүруге болмайды» деген сөзі әлі құлағымда. Сөйтіп, ол сол жолға, оның пікірінше, жеңіске жеткізуге тиіс және шын мәнінде, жеңіске жеткізген жолға өзін әзірлей бастады.

Самара губерниясында, деревняда тұрған кезімізде, Владимир Ильич күнде таңертең шай ішкен соң кітаптарын, сөздіктер мен дәптерлерін қолтықтап, бақшаның оқшау бір түкпіріне, бір стол мен орындық қойылған жерге қарай жөнелетін. Владимир Ильич сол арада көп уақыт отырып, ғылыми жұмыстармен шұғылданатын. Ол тек қана кітапты оқып қоймай, авторлардың еңбегін зерттеп, үйренетін, кітаптардан заметкаларға пайдаланып, қажет деген жерлерін көшіретін. Тіл пәндерімен шұғылдану үшін ол түкпірге мен де баратынымын, сонда ол кезде әлі жап-жас бала мені, Владимир Ильичтің қолға алған ісін қандайлық табандылықпен, ұқыптылықпен орындауы таң қалдыратын. Оған деген құрметтің күштілігі сондайлық, тек қана ол саған риза болу үшін, тек ол сенің ісінді мақұлдау үшін ғана әлемдегі бар істі ләм-мем деп айтқыз-

бай-ақ, тындырып тастауға құштар болатынсың.

Владимир Ильич күн ұзаққы уақытын кітаппен өткізетін, жалығып бой жазарда ғана, не өзі сыяқты революциялық жұмысқа әзірленіп жүрген бір топ аз ғана жолдастары келгенде солармен сөйлесерде немесе айтысарда ғана кітаптан бас алатын. Оның осы еңбексүйгіштік, табандылық қасиеті өзінің бүкіл өмірі бойына айныған жоқ. Айдауда, не шетелде жүргенде де ол бір сағат бос уақыты бола қалса, соны пайдаланып,



Володя мен Оля

кітапханаға баратын. Владимир Ильичтен көптеген дәптерлер мен көшірмелер сақталды. Соларға қарап, оның білімнің бүкіл саласынан орасан мол кітап оқып, жаттыққанын аңғаруға болады. Ол бүкіл өмір бойы оқыды. Ұлы ойшылдармен бірге нақты өмірді, теория мен практиканы, фактілер мен цифрларды да оқып, зерттеді, үйренді. Гимназия ол үшін оқудың бастамасы ғана болды.

Өзінің барлық табиғи дарындылығына қарамастан, Владимир Ильич, егер гимназиядағы кездерінен бастап өзінің бүкіл өмірі бойына табандылықпен оқып-үйренбесе, ол дәл мұндай болып шықпаған болар еді.

# Түркі сөзге

Әңгіме

Ә дегенде қақпағын дірілдете тасый қайнайтын аққұман мінезді Жапар қазір одан бетер бір уыс бола қалған. Жұмысынан келісімен даяр асқа да тағаттай алмай, далаға бір кіріп, бір шығумен болды.

Колхоз үйлерінің батыс жақ бұрышындағы қалың қарағайды жара шығатын кең қара жолға әлсін-әлсін қарайды. Бойы кішілік етіп көре алмай тұрғандай, қабырғаға тірей қойылған қайың сатымен көтеріліп, үй төбесінен де көз тастайды. Қыймылына сай даусы да бір тынған жоқ.

— Қап, мыналардың түн ортасына дейін жүріп алуларын қарашы. Ай, өздері аман болса игі еді, — деп ойындағы күдігін де айтып қояды. — Қап ендігәрі сендерді жұмсасам ба! Енді бір кез:

— Осындай желді күні балаларды жіберер ме! — деп, әйелі Қайнышты іштей кіналады. Бұл ойын әйелі естісе:

«Өзің емес пе едің баланы жұмсап үйрету керек дейтін. Енді несіне менен көресің», — деп өзіне кінә артатынын біліп, тіс жарып оған ешнәрсе айта алмады.

Жапар тісін қайрап, бар ашуын ішіне жыйнай үйге ене берді де, қайта шығып, тың тыңдады. Үілдеген күздің қара суық желі үрей үстіне үрей қосқандай. Жапар өстіп әбігерленіп жүргенде, оның екі баласы ауылдан он шақырымдай жердегі қалың тоғайдың бауырында еді.

Екеуі де арбаға тиелген ағаш үстіне шығып алған. Оң жақ бүйірден осылай қарай беттеп келе жатқан машина жарығынан көз алмайды. Сонау алыстан сығырая көрінген көкшіл жарық көпке дейін бір орында жылжымай тұрып алады да, ойға түсе жоқ болады.

— Мен білсем бұл машина адасқан болуы керек, — деді бағанадан үнсіз тұрған Жеңіс қос нүктеден әлі де көзін алмай. Мұрнын жеңіл бір тартып қойып, інісі Бауыржан да:

— Тура осында келе жатыр. Меніңше, осы жерден жол шығатынын білетін болуы керек, — деп, ол да өз пікірін айта бастады. Өйткені астық тасыйтын машиналар осы ауылдың қасындағы жолмен өтетінін күнде көретін-ді.

— Оның тура келе жатқаны ма? Тап осы жердегі жолға қосылатын ескі сүрлеу жол



бар, ол сол жолды тауып алған ғой. Бірақ, онымен адам жүрмегелі көп болған.

— Е-е, оны мен де білемін, — деп өз білетіндігін Бауыржан ағасына сендіре айтып қояды.

— Түнеугүні сол жолда бір машина батып қалып, келесі күні Қайырболат трактормен келіп шығарып алғаны қайда?

— Мәс саған, ендеше мынау машина да батады. Айтпақшы жаңа есіме түсті, осы араға бір-екі шақырымдай жерде Қурайлы ащы деген жер бар. Ол жерде машина түгілі арбаның өзі де батып кетеді, — деп басын изеп, құптай сөйледі, бұл жердің әрбір ұлтарақтайына дейін білетін Жеңіс те.

Кірпігін жиі жыпылықтата қағып, машина жарығын әлі қараумен тұрған Бауыржан Жеңіске сұрау бере тіл қатты.

— Егер алдынан шықса, осы жерге келмей жетуге бола ма? — Бауыржанның бұл сөзін бірден құптаған Жеңіс інісіне қуана жалт қарады:

— Неге болмайды. Болады. Онда алдынан шықсақ қайтеді?!

— Е, шықсақ, шығайық, несі бар.

— Сен отыруға... Қорықпайсың ба, — деп ала жаздап барып бөгелген Жеңіс, — сен отырасың ба? — деді қараңғыда анық көрмесе де інісінің бетіне тесіле қарап. Бауыржан аз бөгеліп:

— Отырсам... отырайын, — деді.

Бұл сөзді естуі мұң екен, Жеңіс арбаның үстінен секіріп түсіп, дөңгелекке байлаулы қара биенің үстіне қарғып мінді де, көзді ашып жұмғанша қараңғылыққа сүңгіп жоқ болды. Ат тұяғының дүбірі де алыстаған сайын әлсірей барып, жым болды.

Жаңа ғана ағасы қасында жүргенде көңілінде қорқыныштың белгісі жоқ Бауыржан



жан-жағына жалтақтай қарап әлденеден хауіптен бастады. Бағанадан бері онша аңғарылмаған дала шуы енді ышқына естіліп, бүкіл дала бүтіндей бір қозғалысқа келе қалғандай. Тоғай бауыры тымық болғанмен, ағаштың ұшар бастары гуілдеп соққан екпінді желге майыса иіліп, кең даланы дүрліктіріп тұр. Жер беті көрер көзге қандай суық көрінсе, аспан суреті одан да екі есе қорқыныш үстіне қорқыныш жамайды. Аунай көшкен күзгі сұр бұлт не жауын, не қар жаумай ызғарлана түйіліп, қою шаңға ұқсап, алай-түлей берекесіздікке ұшыраған.

Өткен дауылдардан аман қалған ең ақырғы күзгі сары ала жапырақтар да, енді бұтағынан мәңгілік айырылып, қалбаң ойнап суылдай ұшады...

Езулей тартып ауылға қарай бұрыла берген қара бие, көрінген төмпешіктен оқырана үркіп жалт бергенде, үстіндегі Жеңіс бұлтың етіп жалдан жармаса барып қайта орнығады. Әйтседе көнетоз жұмыс етігінің өкшесінде дамыл жоқ, барынша бүйірлеп келеді.

Әлден уақытта биенің аяғы тайғанақтай бастады. Шамасы, ұзақ шабыстан болдырған болуы керек. Кейде шоқырақтап, кейде сары желіп келе жатқан қара бие манағыдай емес, бусанып, төрт аяғынан да малтыға батып, теңселе бастады.

Арба салған тар ізді, бұралаңдаған ескі жолмен келе жатқан машина фарының жарығы кейде Жеңістің бетіне сәулесін мол төгеді де, кейде жарығын ала қашып, оның оң жағындағы жазықтықты бойлай, сонау қалың ағашқа тіреледі.

Жеңіс қара биені бұрынғыдан бетер бүйірлей түсіп, машинаға қалайда тезірек жетуге асықты. Тізгіннің ұшын екі жағына кезек-кезек сілтейді. Қысқа қайыстың ұшы биенің сауырына жетпей өзінің етігінің қоншына ғана сартылдап тиеді. Тізгінді сол қолымен қамтый ұстап, оң қолымен басы жылтыр айылбасты қалың белбеуін бастырмасынан суырып алды. Екі бүктеп алған қалың белбеу, манадан етіне қамшы тимей келе жатқан биенің шабын орай тосыннан сарт еткенде, ышқына секірген бие алдыңғы аяғынан сүріне етпеттей барып ұшып түсті. Тізгіннен айырылмай топ ете қалған Жеңіс лып етіп түрегелді. Жүрегі лүп-лүп соғып, өне бойы қалш-қалш етеді. Мен кінәлі дегендей орнынан ата тұрып, қалшыйып қалған қара биенің де қолтығы дірілдеп тұр.

Әдейі көрсін дегендей-ақ машина жарығы сол дірілдеген қолтықты аймалай келіп, айналаны жарық етіп жіберді.

Нашар жолмен ауыр жүкті ышқына әрең тартып келе жатқан мотор үні де енді жақындай түсті. Көп тұруға болмайды. Қолынан ұшып кеткен белбеуін іздеуге де шамасы келмей, Жеңіс атқа ырғып мінді де, қайта жөнелді.

Ол, машинаны Қурайлы ащыдан екі жүз метрдей жер шыға тосып алды.

Жол сұрауға ешкімді кездестіре алмай келе жатқан шофер алдынан шыға келген аттылыны көргенде, шамын бір жағып, бір сөндіріп келіп тұра қалды да, кабинадан секіріп шықты.



— Енді екі-үш жүз метр жол жүргенде машинаңыз сазға белшесінен малтығатын еді, — деген Жеңістің қамқор үнін естіген шофер сөзге келмей-ақ әр саусағы балғаның сабындай қуатты майлы қолымен Жеңісті өзіне қатты қыса жаурынынан құшырлана қағып:


— Рахмет, інішек. Сендердей бауырлар тұрғанда батпаққа батармын ба сіре, — деді.

Астық толы машинаға тура жол сілтеп, орманның бауырына қуана оралған ағасының алдынан жүгіре шығып:

— Мен де қорыққан жоқпын, иә Жеңіс, — деді Бауыржан да көңілденіп. Сәлден соң-ақ екі бала биені арбаға жекті де, ауылға қарай жөнеле берді.

**С. Жүнісов,**

Көкшетау облысы.



Орал қаласы. Пушкин атындағы педагогика институтының үйі.

## ОРАЛ

Басын сонау Орал тауларынан алатын күміс көбікті Жайық өзенінің бір иініне орналасқан Орал қаласының тарихы тым қызық. Ескі Орал қаласы патшалық Россияның қыйырдағы түкпірлерінің бірі болатын. Бұл қалада патша үкіметінің бұйрығымен айдалып келген көптеген орыс ойшылдары, кейін осы өлкені ақ гвардияшылардың шенгелінен азат еткен азамат соғысының ерлері болды.

Әсіресе, қаланың орталық көшелерінің бірі — Сталин көшесі көптеген тарихи орындардың куәсіндей. Мұндағы көптеген үйлердің қабырғасына қойылған мраморлы тақталарды қарасаңыз XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде сол үйлерде болып кеткен даңқты адамдардың есімін оқыйсыз. Бұл көше Совет үкіметі орнағанға дейін Большой Михайловск деп аталатын. Бірақ, қаланың басты көшесі бола тұрса да, мұнда бірде-бір ағаш егілмеген жұпыны еді. Көше бойына салынған үйлер сыйықсыз аласа болатын. Әсіресе, көзге саудагерлердің қатарласқан дүкендері түсетін. Со бір өткен шақта әкесінің жұмысқа ауысып Оралға келуіне байланысты орыстың атақты мысалшысы Иван Андреевич Крылов бес жасар бала кезінде осы шандақ көшенің бойында жалаң-

аяқ жүгірген болатын. Ұлы ақын сәбилік шағын осында өткізген.

1833 жылы сентябрь айында Оралға орыстың даңқты ақыны Александр Сергеевич Пушкин келеді. Ол осы көшедегі екі қабатты жұпыны үйге кідіріп, бірнеше күн болады. Шаруалар көтерілісінің басшысы Емельян Пугачев туралы роман жазуға материал жыйнайды... А. С. Пушкин жергілікті адамдармен кездесіп, көтеріліс болған жерлермен танысады. Ұлы ақын осы кездесуде тұрғын халықтың патшаны жек көретінін, көтерілісшілерге тілектес екенін біледі. Сонда Пушкин «Орал қазақтары, әсіресе, қарт адамдары Пугачевті бүгінгідей еске алады» — деп жазған болатын. Ұлы ақын қазақ халқының меймандостығы мен қайырымдылығын жоғары бағалайды.

Ақынның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанына көңіл бөліп, оның мазмұнын жазып алуы да осы сапарының ескерткіші сыяқты.

А. С. Пушкиннен кейін Оралға атақты лексикограф және ақын Владимир Иванович Даль келеді. Ол қызметіне байланысты бірнеше рет Орал қаласында, кең сахарادا болып, көшпелі қазақтардың өмірімен танысады, тұрмысын зерттейді.

Мұнда украинның ұлы ақыны Тарас Григорьевич Шевченко да болады. Ол сонау Қаспийдің құмды өлкесіне жер ауып бара жатқан сапарында Оралда біраз кідіреді. Осы өлкеде жүріп А. Н. Плещеевпен кездеседі. Жайық өзені жағалауының суретін салады, отты жырларын жазады.

Жылдар жылжый берді. Большой Михайловск көшесінің келбеті де өзгереді. Мұнда 1862 жылы орыстың ұлы суреткер жазушысы Лев Николаевич Толстой келеді. Ол жаңадан ғана тұңғыш ашылған мектеп, кітап дүкенімен танысады.

Лев Николаевич өзі келместен 29 жыл бұрын болып кеткен А. С. Пушкиннің уақытша пәтеріне кідіреді. Ол Жайық қазақтарының өміріне қызыға көңіл бөледі.

Л. Н. Толстойдан кейін 38 жыл өткенде оралдықтар орыстың көрнекті жазушысы Владимир Галактионович Короленконы көреді. Ол мұнда 1900 жылдың 19 июнінен 8 сентябріне дейін болады. Короленко Пугачев көтерілісі жөнінде көлемді шығарма жазу мақсатымен материал жыйнау үшін келген болатын. Сондықтан ол қаланың тарихи орындарымен танысып, жергілікті архивтерді ақтарады. Пугачев көтерілісі туралы кейбір адамдардың есте қалғандарын жазып алады. Осыдан кейін Короленко «Оралдағы Пугачев жөніндегі аңыз» және «Қазақтар арасында» деген очерктер жазады.

XX ғасырдың бас кезінде қалада революциялық ояну басталады. 1905 жылы екі мың жұмысшы патша үкіметі мен өздерінің қожайындарына қарсы ереуілге шығады. Бұл көтеріліске Орал социал-демократтарының жергілікті ұйымы басшылық етеді.

Осы кезде (Қазіргі Коммунист пен Сталин атындағы көшенің бұрышындағы) типографияда «Мысль» газеті мен ай сайын шығатын «Новая эпоха» (татар тілінде), және «Стрелы» атты орыс тілінде сатиралық журнал шығарылады. Осында татар әдебиетінің негізін қалаушы ақын Габдолла Тоқай жұмыс істейді. Сонымен қатар, ол әдебиеттік қызметін де осы Орал қаласында бастайды.

1917 жылы жазда Покатилов пен Дмит-

риевтің басқаруымен Оралда Жұмысшы-солдаттар депутаттарының советі құрылады.

Артынша Пушкин мен Толстой болып кеткен екі қабатты үйге азамат соғысының дарынды қолбасшыларының бірі — Михаил Васильевич Фрунзе, бірнеше жетіден кейін атақты Чапаев дивизиясының комиссары, жазушы Дмитрий Андреевич Фурманов келеді. Азамат соғысының батыры Василий Иванович Чапаев та бұл көшеде талай ақбоз атын ойнақтатып, ақгвардияшыларды түре қуып, қаланы азат ету жолында аянбай күреске шығады.

1919 жылы жазда мұнда атақты жазушы Алексей Николаевич Толстой келеді. Ол қаланың сол кездегі аянышты халін атап жазды.

Қазір Орал қаласы құлпырып өсуде. Орыстың атақты жазушысы М. А. Шолохов мұнда жылда болып, қаланың қазіргі көрікіне қызыға қарайды. Өзінен бұрынғы ұлы ойшылдардың айтқан сөздерін еске алады.

Егер, сіз Оралдың тарихи ескерткішке бай Сталин көшесінің оңтүстігінен солтүстігіне қарай жүрсеңіз, бұрынғы жұпыны үйлер мен саудагерлер дүкендерінің орнына тұрғызылған көрікті бірнеше қабатты үйлерді көресіз. Міне, алыстан көз тартып тұрған екі қабатты ақ үй кемешілердің командалық құрамын даярлайтын мектеп, оған жалғас үш қабатты педагогикалық училище, келесі кварталда А. С. Пушкин атындағы Оралдың мемлекеттік педагогикалық институты, одан әрі қарай музыкалық және фельдшер-акушерлік мектеп, Чапаев атындағы «Қызыл Таң» кинотеатрлары, пионерлер үйі, облыстық кітапхана, үш кітап магазині, колхоз кадрларын даярлайтын орта мектеп, ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі, өлке тану музейі, бірнеше завод-фабрикалар, жаңа вокзал поселкесі, вокзалдың арғы бетіндегі жаңа поселка — мұның бәрі бесжылдықтардың жемісі!

Алтыншы бесжылдықта қала бұдан да көріктене, сәулеттене түспек. Оған туысқан Коммунистік партияның зор қамқорлығы куә.

Орал қаласы.

**Х. Қыдыров.**

### СУ МЕН САБЫН

Мысал

Жағаны тентек өзен теуіп ұрды,  
Ақ бөрте езуінде көбік тұрды.  
Дайынды мың құбылған бұл көрініс,  
Сабынды жағадағы желіктірді.

— Ермегі мынау сірә еріккеннің!..  
Көкеңнің көпіргенін көріп пе едің,—  
Деп сабын терең суға шөгіп кетті.  
— Жаным да, жалыным да көбік менің!

**Қ. БАЯНБАЕВ.**

# Шанышқы





ФЕЛЬЕТОН

## СЕЯЛКАНЫҢ ӨҢЕШІ ҚАЙДА?

Бір топ бала ауылдан ұзап,  
Шаңғы теуіп жүр еді ұзақ,  
Тап бола кетті үйілген мүлік.  
Үңілді олар алмаққа біліп.  
— Қалың қардан көрейік аршып,—  
Деп қойды құлана Таңсық.  
Мұны қалғандары да қостады.  
Белгісіз мүліктерді қардан аршый бастады.  
Тұмсығы қарға көмілген мықты,  
Сорайып алғаш сеялка шықты.  
Онан соң соқаның жүзі,  
Тағы да тағы... винттер ме,  
Біліктер ме,  
Кенелді ен мүліктерге.  
— Далаға неге тастаған мұны!  
Деп қойды әлгі баланың бірі.  
Қолын бір сілтеп жақтырмай қарап:  
— Керексіз! деді білгішсіп Марат.  
— Неге керексіз!  
— Айттым ғой... бұлар дерексіз.  
Қойыңдар біліп!..  
Қар астында тот басқан,  
Сағал-сағал баттасқан  
Бұлар әбден қыйраған мүлік.  
Ал керектілері менің папам басқаратын  
МТС-тің ауласында.  
Көрмейсіңдер ме, мыналар далада, тау басында  
Деді,— ол ыржыя күліп.  
Балалар әрі-бері дауласты да  
Мараттың сөзіне сенді.  
Олар енді  
Жаңағы біліп — көрген  
Мүліктерден  
Шана жасауға кірісті.  
Сөйтіп бастады бір істі.  
Қайнатып сорын сеялканың  
Өңешін белге буынып алды.  
Тырмалар мен веелканың  
Винттерін бұрап суырып алды.  
Мәз болып солай сырғанақ тепті.  
Мүліктердің берекесі кетті.  
... Білген жоқ Марат,  
Білмеді Болат  
Көктемнің жылжып келетінін,  
Сеялканың өңешінен  
Тұқымның тыңға себілетінін.  
Өздері жейтін ақ тоқаш, нанның  
Қамбаға тасып төгілетінін!

Мыңбай Рашев.





## К ӘИ, БАЛАЛЫҢ-АИ

Әңгіме

Жаздың бір тымырсық күні жолға шыққаным бар. Колхоз орталығынан мінген қарагер құнаным қарайған бірдеме қылт ете қалса-ақ жалт беріп тастап кете жаздап келеді. Әлгінде бір жолаушыдан жөн сұрағанымда, қарсы алдымдағы биік шоқыны мезгеп еді. Бұл жермен жүріп әдеттенбегендігімнен болса керек, әуелде түскен жалғызаяқ жолдан да көз жазып қалдым. Қай-қайдағы бір ойпаңға, қалың қорыққа, сыңысқан құраққа қойып-қойып кетем.

Жел құған қайықтай біресе еңіске құлап, біресе биікке өрмелеп келе жатқанымда жазаңдау алаңнан қою бозғылт шаң көрінді. Астымдағы құнан да құлақтарын қайшылай тігіп ауыздығымен алыса бастады. Бір дөңге ойнақтатып шыға келгенімде аяқ астынан бір көкқасқа төбет арс ете қалып еді, онсыз да тыпыршып тынышсыз келе жатқан құнан оң бүйірлей ызғып берді. Басымдағы ши қалпағым да ұшып кетті, өзім де аттан құлап қала жаздадым. Иттің қосылған-қосылмағанын білмеймін, тізгінді қос қолдай тартып, ат арынын әзер бастым-ау әйтеуір. Әуелгі екпінмен біраз сыдыртыппын. Артыма бұрылсам сонау қыя белде менің қалпағымды біреу ат үстінен іліп жатыр екен. Құнанның басын кейін бұрдым да, іштей қысылып әлгі адамға қарай беттедім. Ит тағы да үре бастап еді:

— Жат, Майлыаяқ! — деген баланың дауысы саңқ ете түсті. — Құтырма!

Арықтау, аққұба бала күрең қасқа тайымен шоқытып келді де:

— Сәлеметсіз бе, аға! — деп маған жетер-жетпестен сәлем берді. Мен қолымды ұсындым. Бала сол қолындағы қалпағымды маған берді де, ақсия күлді. Шамасы, әлгіндегі кенет оқыйғадан езуін жыя алмай тұрса керек. Қапелімде не дерімді білмей қалдым. Көзім тайғанап барып, жусап жатқан кілең марқа қозыларға тірелді.

— Мына қозыларды сен бе бағып жүрген? — деп сұрадым біле тұра.

— Мен, — деді. Баланың жұқа өңінен күлкі иірімі әлі тарала қоймаған сыяқты.

— Бұл қай колхоздың малы?

— «Ақтоғайдікі».

Іздегенім аяқ астынан табылғандай қуанып қалдым.

— Ахмет Елеубаевтың отары алыста ма?

— Мына қырқаның астында, — деп бала қолын шошайтты.

— Адампаған екенмін, — дедім алыстан келе жатқандығымды аңғартып. — Сенің атың кім?

— Болат.

— Қай класта оқыйсың?

— Бесіншіде.

Күн бесіннен төмен түсіп саршапақтана бастаған екен. Мен сағатыма қарадым да, құнанымға қамшы басып, желе жортып кеттім. Бір кезде артымнан ат дүбірі естілді. Тізгінді кере тартып, бұрылып қарасам, әл-

гі бала семіз тайын ырсылдатып шауып келеді екен. Тұра қалдым.

— Ағай, ағай! — дейді. Аптыға сөйлеп, — сіз өзіңіз қайдан келе жатырсыз?

— Алматыдан.

— Мәссаған! Менің танымай қалғанымды қара. Ахмет атамды сүйінші сұрап қуантпай неғып тұрмын! — деп бала тайына қамшы басты. Ойына әлде не түскендей кенет ат басын іркіп, артына қарады да: — Майлы-аяқ, сен осы арадан тырп етпе! — деп айғайлап, шаба жөнелуге оңтайланды. Мен ойда жоқта болған оқыйғадан абыржып қалып:

— Әй, Болат! — деген ащы даусым шығып кетті. Бала ат үстінен ыржыя қарап бұрылды бері.

Болат жақындап келді де, көзін қулана жымыңдатып:



— Ә, сіз мені алдағалы тұрсыз. білдім... білдім... — деді.

— Інішек-ау, алдағалы тұрың қалай? Әуелі жөн білісейікші, мені кім деп тұрсың?

— Білем, білем... — деді бала жымыя күліп.

— Білсең айтшы кіммін?

— Мені бір түк білмейтін ақмақ деп тұрсыз, ә?

Енді бірдеме деп аузымды ашқанымша құйғыта жөнелген баланың жел желпіген ақ көйлегін ғана көріп қалдым. Сәлден соң тіпті қарасы да көзден таса болды.

Мен аң-таңмын. «Бала не білді? Неменеге аптығып жүр? Не де болса бара көрермін...»

Осы оймен биік қырқаны бетке алып, желе жортып кеттім. Қырқа қарсы алдымда тұрғанымен әудем жерде емес екен. Мал шұбырындысын бойлай жотаға шыққанымша жаздың созалаң күні едәуір еңкейіп қалды.

Қалың құрағы сыңысқан тілдей өзеннің бойындағы көк сазда ағы, бозы аралас үш-төрт киіз үй алақандағыдай айқын көрінді. Менің қараң етуім мұң екен, қойлы ауылдың сақ иттері жарыса жүгірді. Жасы, көрісі демей оншақты адам иіріліп сыртта тұр. Ақ сақалы алыстан көзге шалынған зор денелі қарт адам топтан сытылып бері жүре бастады. Әлде біреуді асыға күткен сыңайы бар. Екі ит арсылдап мені төңіректен шауып жүр. Соларды жасқаймын деп алдымда не болып жатқанын да аңғармаппын.

— Кетіңдер, ей! — деген манағы баланың дауысы тағы да саңқ етті. Иттер жым болды. Басымды көтерсем аңырып тұрған манағы топқа таялған екенмін. Оқшау тұрған қарт көзін сығырайтып, телміре қарап тұр.

— Ассалаумағаләйкүм! — деп аттан түстім.

Қарттың ерні «Әликүміссалам» деп жыбыр етті де, қолының ұшын ғана берді. «Танымай тұрғандықтан шығар» — деп қарттың селқостығына онша мән бермей, өзгелерге де сәлем беріп шықтым.

— Қарағым, қай баласың? — деді қарт маған таңырқай қарап.

— Тілшімін, қария.

Тұрғандар аңтарылып Болатқа қарасты. Ол көзін жыпылықтатып маған бір, қартқа бір қарады да қас қаққанша тайына ырғып мініп, қозылардың өрісіне қарай шаба жөнелді.

С. Тоғысбаев.


#### ОРЫНСЫЗ ЕЛІКТЕУ

Бір көбелек көрді дағы үйректі,  
Ақыл ойын қыялына билетті.  
«Ұша білсе, мен де білем ұшуды,  
Үйренейін суға жүзу, түсуді.

Қарағанды облысы.

Деді дағы шұбар қанат көбелек,  
Қона қалды көл бетіне еңелеп.  
Қанат жайып ұшуға ол тырысты,  
Жібермеді, құшаққа алды су үсті.

Ә. ТІЛЕУБЕКОВ.



Аға механик пен бала механик

## БАЛА МЕХАНИК

Очерк

— Бұл нәсер төктіріп қана қоятын күннің күркіреуі емес, бұл — тауды қопарып, тасты қаңбақтай ұшыратын алып машиналарды зыр қақтырушы мотор ғой. Мұның өктем үні мені баурап әуенді ырғағы бесіктей тербейді, ол менің жарқын болашағым деп, өзіне қарай тарта береді, тарта береді...

Мұны айтқанда Мұсаинов Шахманның жүзі қырманда үйіліп жатқан бидайдай қызара толқып, кара көздері жайнай түсті.

Қазақстандық миллиард пұтқа үлес қосып жатқан ақсабан кез еді. Құлтайдағы қырманда мотор үні, көңіл хошын көтермелегендей бір әуен мен күй шертеді. Мол қуат жанданған алуан машиналар қалтқысыз қыймылдайды. Астық тазалағыштардың аузынан ытқыған таза дән от жалынындай лапылдап, кең қырманға дамылсыз құйылды. Минут өткен сайын дән төбешігі ұлғая түседі. Оны бір жақтан астық тазалағыштың көмейі сіміре жұтады да, сонау ұзын шүмегінен автомашина кузовына түйдектете төгеді.

Бір мезетте қуатты мотор үні өшіп, осы мол қыймыл кенет тоқтай қалды. Әлгінде ғана арнасынан асып, арқырай ағып жатқан асау өзен бөгелгендей, маңайды кілт тыныштық басты. Тек қашанда дамылдамайтын адамдардың абыржыған дауыстары ана жақтан да, мына жақтан да естілді.

— Моторшы, қайда, моторшы!

— Қап, Алексей Васильевич кетіп қалып еді.

— Бәрі де тоқтады-ау! — деп қабақтары шытып, қалбалақтай жүгіріскен қырманшылар көзіне көне фуфайка киген қатпа

қара бала шалынды. Сол-ақ екен, егіншілер дидарынан үміт нышаны көрініп, дереу жадырай қалысты.

— Эһә! Мұнда Шахман бар екен ғой, босқа абыржығанымызды қарашы. Қазір ол жүргізіп жібереді. Орындарыңа барындар, — деді қырман менгерушісі Ахмет Садуақасов. Сөйтті де баланы шеттегі күрке ішінде тұрған моторға қарай жетектей жөнелді.

— Кәне, шырағым, гүрілдетіп жібере ғой.

Байырғы жұмысшының бұл сөзінен қаршадай баланың талабы да, оған деген ел сенімі де анық көрінгендей еді. Қырмандағы аға механик Алексей Васильевич Антонов мотор маңына Шахманнан басқа ешкімді жуытпайтын. Ол, бұл баланы әр кез қуанышпен қарсы алып, тетіктерді аса байыпты түсіндіретін. Аға механиктің ақылын ала білген, техникаға құмар Шахман да мотор жүргізуді тез үйреніп, нағыз көмекші болып алды. Сондықтан Алексей Васильевич өзі асығыс бір жұмысқа кеткенде шәкіртіне сеніп, орнына қалдыратын. Бүгін де солай болған-ды.

Шахман күркенің ішіне кіргенде, мотор тетіктері суына бастаған екен. Бала кәдімгі ысылған механиктерге ұқсап, ең әуелі тетіктерді көзімен қадағалай шолып, кейбіреулерін сыйпап та қойды. Өзінің техниканы білетіндігін көрсеткісі келетінін Ахмет байқап-ақ тұр. Бір кезде Шахман бір түтікті үріп жіберіп тұтқаны бұрап қалып еді, мотор бірекі бұрқ етті де тоқтап қалды.

— Көрдіңіз бе, бензин бармай жатыр. Біз мұны қазір-ақ зырлатамыз, — деді ұстазы Алексей Васильевичтің көп қолданатын қаридасын қайталап. Қанша ұстамды болуға тырысқанымен күмәні бар баланың қолының сәл қалтырағанын әккі жұмысшы Ахмет байқап қалды.

— Кәні, өзің аш! Түтіктерді аршыйық, — деп батылдандырды ол баланы. Ол кісі «не бұйырасың» дегендей өзінен әлдеқайда кіші балаға жаутаңдап қарап қояды. Мұны Шахман жақсы біледі.

Ағалардың осы бір ыстық аясы бала ойына әр кез қозғау салып, оның ойына сүйікті мамасын еріксіз түсіретін. Шахманның әкесі Отан соғысының майданында ерлікпен қаза тапқан. Онда бұл екі жаста еді. Ал, сүйікті мамасы кенет аурудан қаза болды. Онда Шахманның мектепке алғаш рет барған кезі. Сонан бері ол осы совхоз адамдарының құшағында тәрбиеленіп өсіп келеді.

Шахманға мотор жүргізуді үйреткен — механик Антонов, автомашина құрылысы

мен таныстырып жүрген — шофер Матюшинец. Осы ағалардың камкорлығы сүйікті мамасындай ыстық та, қымбатты еді. Шіркін, осының бәрін мамасы көрсе еді ғой!.. Ол тұтқаны қатты бұрап, бұрап жібергенде мотор гүр-гүр етіп барып әуенді гуілге басты. Шахман кнопканы кішкентай ғана майысқақ бармағымен басып қалып, қырман үстіндегі өз көңіліндей жарқыраған сансыз шамдарды көрді. Ол тағы да зырылдай жөнелген машиналар қасындағы жайдары адамдардың сол сәттегі өзіне деген сүйіспеншілігін сезініп тұр. Арт жағынан бір күшті қол оны аспанға көтеріп, ойнақтатып ала жөнелді. Бұл шофер Карп Васильевич Матюшинец еді.

\* \* \*

Еңгезердей денелі, өткір көгілдір көз шофер Матюшинец Шахманды төрт тонналық машинаның басқышына тік еткізіп қойды. Он бес жылдан бері шофер болып істейтін, өзін совхоз басшылары, тіпті облыстан келген үлкен өкілдер де сыйлап жүретін «алтын қол» шофердің бұл еркелеткенінен Шахман жылы мейірімді сезуші еді. Ол осы ұстазына ерекше бір жайдарылықпен қарап:

— Карп Васильевич, сіз осы мені неге көтере бересіз. Мен енді үлкен емеспін бе? — деп сұрады.

Матюшинец балаға жымия қарады да:

— Шын жақсы көргендіктен сенің өскенінді байқамай қалыппын. Оған ғапу, өтінемін, — деп шынын айтты. — Ал, сенің мамандығың әлі тым кішкентай. Сол мамандық жағың да өзіңмен бірдей өссін деп көтермелегенім ғой. Сен қазір бала механиксің. Талмай үйренсең аға механик болып шыға келесің.

Шахман күмілжіп төмен қарады. Ол өзінің жаздай совхоз егіс даласында болып, күнге күйіп шыныға жүріп тапқан 2000 сом ақшасының 300 сомына алып киген көк костюмінің қатқан өңірін ептеп сыйпап қойды. Сөйтті де кабинеттің ішіне кірді. Бірақ Карп Васильевич машина жүргізуге асықпады. Ол капотты жапты да, шәкіртіне қарап:

— Бұл жолы машинаны сен жүргіз, — деді.

— Онының қалай, Карп Васильевич-ау, менің правом жоқ қой.

— Ол әзір бола да қоймас. Гәп білуде ғой. Үлкен жолға жеткенше жүргізуіңе ұлықсат.

— Жарайды — деп Шахман рульге отырды. Ол кілтті Карп Васильевичтің өзіне ұқ-

сап сырт еткізді де, стартерді қысқа ғана зыр еткізіп машинаны от алғызды. Мотор үні бірден үдеп зор машина зырк-зырк қозғалды. Шахман оң қолымен тұтқаларды жылдамдыққа қарай жылжытып, рульдің үстіндегі сол қолының шынтағымен гудокті басып қалды. Өзінің осы бір әдетін шәкіртінің айнытпай қабылдағанын көрген Матюшинец риза боп жымыйды. Дәстүрлі «дөдет» маңайды бір серпілткендей болды. Кішкентай механик жүргізген машина үлкен жолға қарай еркін зымырап келе жатты.

\* \* \*

Мектептердің жетінші кластағыларында, әдетте, машиналар құрылысы жөнінен сабақ жүрмейді. Сөйтсе де, Арықты совхозындағы жетіжылдық мектептің балалары техникаға құмартып, сабақтан тыс уақытта шұғылдану үшін жас механизаторлар үйірмесін ашуды оқытушыларынан өтінді. Әрине, жетінші класс оқушыларының мұндай талабын мұғалімдер де, мектеп комсомол ұйымы да мақұлдады.

Демалыс күні еді. Далада қарлы боран ызғыра соғып тұрғанымен мектеп мастерскойының іші жылы да жыйнақы. Стол үстінде түрлі аспаптар, саймандар қатар тұзейді. Машиналар тетіктерінің схемалары қабырғаларға ретімен ілінген. Үйірмеге қатысатын балалар жүк автомашинасы моторының суретіне үңіле қарасып, әркім өз білгенін айтып жатыр, осы кезде политехника сабағының мұғалімі Долинский мен Шахман балалардың қасына отырмай, мұғалімге еріп, алдағы столдың жанына барып тұрды.

— Ал, балалар, — деді мұғалім Долинский, әдеттегі инабатты даусымен қалың көз әйнегін қолына ұстаған күйі. — Сендердің үйірме жетекшілерің де, механизация мұғалімдерің де мына Мұсаинов Шахман болады. Оны қалай көресіңдер?

— Дұрыс. Жетекші сол болсын. — деп балалар шү ете түсті. Оның өзі механик қой. Бізге үйірме ашайық деген де осының өзі...

— Үйірмелеріне совхоз механизаторлары да көмектесіп тұратын болады. — деді Долинский алдағы столға отырып. — Баста, Шахман.

Шахман аркасын қабырғаға беріп тұрды да, схеманың шетіндегі нүктеге таяғының ұшын тық еткізді. Терезеден жылт еткен күн сәулесі оның қонырқай жүзіне қызыл арай ойнатты. Тыңдаушы құрдастары да оған қызыға қарай қалыпты.

А. Диқанов.

Ақмола облысы,  
Қорғалжын ауданы.





Мұзафар Әлімбаев.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ



Көп бар еді ауылда,  
Көпдің аты Маралды.  
Жағада жаздың шағында  
Жатушы ек төсеп көгалды.

— Алабұға, дөнен сарт,  
Майлы басың әрі тарт,  
Қармағымды төмен тарт,  
Қанды басың бері тарт.

Қармақ салып күнімен,  
Отырушы ек жағада.  
Балықшы болсаң, білер ең,  
Бұдан қызық бола ма!!

— Толды, міне, шелегім,  
Кілең, бірақ, ақ шабақ.  
— Бір фонарь еді керегің,  
Байысың-ау ақшалап!..

— Қармағыңның ұшында  
Ұйқтап қапты инелік,  
Ұйқысы қанып тұрсын да,  
Инелікке тимелік! —

Десек, жолы болмаған  
Бала мойып қалатын.  
Жемін жөндеп, ол бала  
Қармағын қайта салатын.

Сарылатын үй күтіп,  
(Уақытты күн ұрлап),  
Түскі шайды ұмытып,  
Отырушы ек дуылдап.

Баяу басып аяғын,  
Келетін сол кез көрші шал.  
Әркімге нұсқап таяғын,  
Дейтін:

— Кәне, енші сал.

Қазақтың салты осындай:  
Қарттар олжа салғанда,  
Аяулысын ұсынбай,  
Балалары қалған ба!!

Сыйлаушы ек қартты құрметпен  
Сырлы сөзге майталман.  
Қыйсса мен аңыз, ертепкен  
Есесін оның қайтарған.

«Баяғы-бағы заманда  
Елден асқан ер болты...»—

Деп бастар еді әманда,  
Келгендей шарлап жер-көкті.

Қағылып қазна-қалтасы  
Қалғандай бір сәт үн қатпас.  
Төрк боп салған қолқасы,  
Бала да оны ұнатпас.

— Бұртыйдың неге, сумұрын,  
Қалыпсың сен де кісі боп!  
Осыдан алты жыл бұрын  
Әйтiшке келдім ісім боп.

— Әйтiш,— деп ол құрдасы  
Айтушы еді әкемді.  
Тағы да, міне, тыңдашы,  
Бір қулық айтпақ,  
тап енді.

— Үй сыртында ат байлап,  
Жатыр едім,  
Әйтiшiм  
Барады ұшып ойбайлап:  
— Өлді-ау, өлді-ау тәмпишім!..

Бөгелмей тұра жүгірдім,  
Әкеңнен бұрын жеттім мен,  
Құдықтан сені суырдым,  
Ішіңе де тептім мен.

Жатар ең бұл күн жұртыңда,  
Өлімнен менмін құтқарған.  
Ендеше маған бұртыйма,  
Құтылып көр құт шалдан!..—

Әзілдің ұқпай ұшығын,  
Балалар дулап күлетін.  
Өтірігін не шынын,  
Жапекен өзі білетін.

Жымыяр еді міз бақпай  
Қуақы, қунақ кейпімен.  
Шалдың сөзін ұнатпай:  
— Ия!.. Өтірік! — дейтін ем.

Сол он жасар қалпымда  
Көкпен түсе қалғандай.  
Балажан байғұс қартыма  
Жүретін едім мен нанбай...

Қайран тәтті балалық,  
Қалыппын ғой айрылып —  
Тәтті ойға оралып,  
Келіп жүрші қайырылып.

## Е С Е Н

Зәуре таңертең жұлдызнаманың кешегі парағын жыртып алды да, жаңа ғана оянған баласының қасына келіп:

— Жайлаубек, есеп сабағыңнан күзгі емтиханыңның таялып қалғанын білесің бе? Сен арифметикаңнан әлі әзірленбей жүрсің ғой, — деді.

— Әзірленем ғой, — деді Жайлаубек есінеп. Ол көрпелің шетін бетіне қарай тартып: көзің жыпықтатты.

— Байқа! Ескерткенімнің алды-арты осы болсын! — деп анасы жұмысына бет алды. Есіктен шыға беріп, Зәуре артына бұрылды да: — Естідің ғой, жүгіре бермей, кітабыңа қара! — деді.

Арада бірнеше күн өтіп кетті, Жайлаубек алдағы емтиханына бұрынғысынша селқос қарады. Шынын айтқанда, мойыны жар бермеді. Қаншама еңбек етпек боп көрсе де, төзе алмай тұрып кетеді. Содан соң өзінен өзі жалығады да, есептен күдер үзеді. «Бұл, — деп ойлайды ол, — маған болатын түрі жоқ. Бесінші класқа көшпей жатып мынау. Жоғары класқа барғанда қайтемін. Онда тіпті басым қатады ғой. Қой, өйткенше осы бастан өзімнің қолымнан келетін бірдеңе іздейін. Жұрт оқымай-ақ шофер, комбайншы, тракторшы болып жүр ғой. Мен де бір машинаны игеріп алсам болмай ма...»

Жайлаубек ертелі-кеш үлкен тас жолға жалтақтады, ағылып жатқан машиналардың жүрісіне қызықты, оған әсіресе, зу етіп өте шығатын жеңіл машиналар: «Победа» мен «Зим» ғажап боп көрінеді. Ол арифметика емтиханына әзірленуден бірте-бірте алыстай түсті. Оның есі-дерті машина жүргізу бола берді. Жолға жақын тұрған қара ағаштың көлеңкесін саялап, ол ертеден кешке дейін өткен машиналарды барлайды, кейде өзіне таныс іздейді. Оның көбіне күтетіні Рашит ағай. Сол кісі кездесіп қалса, машинасына отырғызар еді деп армандайды.

Үйдің қасынан «ГАЗ-51» көлденеңдеп өте берді, рульде өзіне таныс Рашит ағай отыр,

— Рашит ағай, саламатсыз ба? — деді Жайлаубек жүгіре дауыстап.

Шофер алыстан басын изеп, машинасын бұрыңқырап барып, кілт тоқтай қалды да, жабинаның есігін ашты, Жайлаубек оның ішіне бірден қарғып мінді.

— Рашит ағай, сіз неге көптен бері көрінбей кеттіңіз? — деп бала әрі жарамсақтана, әрі қуана сұрап жатыр.

— Астық тасуда жүрдім.

— Енді қайда бармақсыз? Алысқа барасыз ба?

— Әлі тасып болғанымыз жоқ. Быйыл Қазақстанның астығы өз қоймаларымызға сыймай жатыр ғой. Вагондарға тиеу үшін күні-түні темір жол станциясына бидай тасып жүрміз.

— Қасыңызға мінсем қайтеді?..

Бұлар тегіс тас жолға шықты, машина зымырап келеді, айнала дөңгеленіп кетті. Жайлаубектің жүрегі лүп-лүп етті. «Осындай машина өз қолыма емін-еркін тиер ме еді?! Мектепте арифметикамен де әуре болмас ем... Ерте жүрем; кеш жүрем, өз еркім өзімде.

Түс кезінде Рашит пен Жайлаубек темір жол станциясына үшінші рет оралды. Бала бір сәт шоферға әуестене қарап:

— Рашит ағай, жолдың дәл осы бір тұсына келгенде моторыңызды неге сөндіре бересіз? — деп сұрап қалды.

— Оның мәнісі бар, балақай, — деп бастап өз ісін жақсы білетін адамдардың пайдана сөйлейтін әдетінше Рашит тамағын бір кенеп қойды. — Айталық, біздің 21 килограмм 200 грамм бензиніміз бар екен. Егер біз осы жанармайды үнемдеп жұмсасақ, 100 километрден артық жол жүреміз. Біз қазір еңіске қарай ылдилап келеміз. Бұл араның жолы тақтайдай тегіс. Тормоз сенімді. Біз, міне, моторды сөндірдік. Машина өз екпінімен жүріп келеді. Май жаққанымыз жоқ.

Рашит спидометрге үңіле қарады да:

— Міне, біз осы тұста май жақпай, үш

### ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ.

#### АТА-АНА ТІЛЕГІ

Ата-анаң аялады  
Таза киім кидіріп,  
Тең құрбыңнан кем қылмады,  
Білмесіңді білдіріп.  
Әлпештеді, ардақтады,  
Қызық көрді күлдіріп.  
Мектепке де алып барды,  
Мектебіңнен қайтқан кезде,  
Қарсы алады екеуі.  
Бақыт бар ма одан өзге,  
Үйің — шаттық мекені.  
Келер ғажап күнді ұғып.  
Алға аттаған қадамыңды  
Олар қызық көреді.  
Мақтан етіп талабыңды,  
Жүзіңнен де өбеді.

\* \* \*

Есің кірді, білім алдың,  
Құлаш ұрдың еңбекке.  
Келешекке қол бұлғадың,  
Үлгі болдың сен көпке.  
Шақырады сені бүгін,  
Өмірдің сан жолдары.  
Ата-анаңның қамқорлығын,  
Ұмытпасаң болғаны.  
Қандай қызық жайқалғаның,  
Кеше нәзік гүл едің.  
Ұмытпа сен ата-анаңның,  
Сені сүйген жүрегің.  
Алға адымда, алда жүрші,  
Жалындай бер жарқылдап.  
Сен аталсаң, сен мақталсаң,  
Біз үшін сол алтын бақ.

километр жол жүрдік, — деді. Мұндай құламалы асулар ұзақ жолда көп болады.

Кешке Рашит пен Жайлаубек үйлеріне қайтты.

Бала Рашитке жыпылықтап қарады:

— Аға, бүгін біз қанша бензин үнемдедік екен?

— Қазір есептеп шығарамыз, — деді Рашит. Ол бір қолымен рульді ұстап, екінші қолымен төс қалтасынан блокноты мен қарындашын алды да, Жайлаубекке ұсынды.

— Ал, жаз, балақай! — деді шофер, — біз бүгін 170 километр жолдың бензинін жақтық (Рашит көрсеткішке қарады) ал, жүрген жолымыз — 203 километр, енді бес километр жүреміз. Бір километр жолға 212 грамм жанармай кетеді. Сонда қанша бензин үнемдеген болдық?

Жайлаубек қапелімде мұндай есеп шығара қоярмын деп ойлаған жоқ-ты. Әйтседе, ол Рашит айтқан есепті шығаруға талпынды, бірақ бала ойда жоқта қоянның жымына түсіп, қалың шытырманға кіргендей болды. Оған цифрлар бағынбады. Жанып бола бастаған оттың шаласындай боп әр цифр әр жаққа шашырай берді.

Жайлаубек есептің түбіне жете алмай, біресе қызарып, біресе сасқалақтап, жан-жағына қарады, сөйтіп қыбыжықтап отырғанда, машина гаражға да келіп жетті.

— Ал, қане, қанша болып шықты? — деп сұрады Рашит баладан машинасын тоқтатқан соң.

— Есебім толық шықпай жатқаны, — деді Жайлаубек күмілжи сөйлеп. Оның еңсесі төмен түсіп кетті.

— Кел, онда екеулеп шығарайық, — деп Рашит машинаның капотына шынтағын сүйеді де, лезде керегін есептеп алды.

— Біз, — деді шофер, — бүгін 8 килограмм 0,055 грамм бензин үнемдептіз. Ал, күн сайын осындай үнем жасап отырсақ, ай сайын, жыл сайын қанша жанармайдың жанымызда қалатынына көз жіберіп көр, балақай! Мемлекет пайдасы деген осы.

Сол күні Жайлаубектің анасы жұмыстан баласына кәрін тіге келген-ді. «Сабағын пысықтамай, бетімен қанғып кеткенін қарашы! Сазайын тарттырайын!» — деп ойлады ол баласының күндіз үштігүйлі жоқ болғанын есіне алып. Бірақ анасы үйіне кіргенде, Жайлаубек арифметика кітабын ашып қойып, дәптеріне қадала қарап отыр екен. Зәуре баласының тапжылмай есеп шығарып отырғанын көрді де, үндемеді, тіпті ананың жүзіне қуаныш сезімі жүгіргендей болды.

**Ж. Бектұров, Н. Мазняк.**

Толдықорған қаласы.

## КӨРШІМНІҢ СЫРЫ

Көршімен тату бол дейді халық. Мен де көршіммен татумын. Бірақ, көршімнің бір жаман сырын жасырғым келмейді. Оны өзіне де талай айтқам. Менің көршім газет жаздырып алмайды. Ал, өзі менің газетіме және тыным бермейді.

— Бүгінгі газетіңізді бере қойыңызшы, көрейін, — деп келеді де тұрады.

Жана газетті ұстата қойсам, төртінші бетін аударып көзін бір жүгіртеді де, өзіме дереу қайтарады.

Бақсам, менің көршім газеттің төртінші бетінен кино-театрларда не болатынын ғана қарайды екен.

**Қ. Сапарғалиев.**

Өскемен қаласы.



## ҚЫЗЫҚ СҰРАҚ

Қәріғұлдың әжесінің келуі төрт жасар Мәнет үшін үлкен жаңалық болды. Ескіше кең көйлек, жеңсіз пешпет, төгілген кимешек киген, тысқа шықса, шапан бүркеніп, шәйнек ұстай шығатын қарт әйелді таңырқап Мәнет Қәріғұлдікіне барғыштай беретін болды. Бір күні ол есіктен ендіге кіріп шешесіне:

— Мама, мама, Қәріғұлдың әжесі бірдеме-бірдеме деп, маңдайын қайта-қайта жерге тигізеді. Ал, Қәріғұлдың өзі «әжем намаз оқып жатыр, тыныш» — деп үндетпей қойды. Намаз деген не? — деп кітап оқып отырған шешесінің тізесіне Мәнет сүйене кетті.

— Намаз деген құдайға жағыну, — деді шешесі кітаптан көзін алмай.

— Құдай кім, кемпірдің мамасы ма?

Ұлының қызықты сұрағына сүйсінген ана кітабын жапты да, баласын маңдайынан нискеп:

— Олай емес, сен түсінбейді екенсің ғой, Мәнет, құдай деген жоқ нәрсе.

— Ендеше, жоқ нәрсеге несіне жағынады?

— Оларды жас күнінде құдайға жалбарын деп қорқытып қойған.

— Ожарбектің мені бөжекей келеді деп өтірік қорқытқанындай ма?

— Ие, солай.

— Ендеше, мен бөжекей сыяқты құдай да жоқ деп айтып келейін, — деп Мәнет жүгіріп шығып кетті.

**А. Жұмаділов.**


Қарағанды облысы.

## АҢШЫЛЫҚ ӘНГІМЕЛЕРДЕН

### ҚАРАҚҰЙРЫҚТЫҢ ӨРІС АУЫСТЫРУЫ

Қарақұйрық үнемі даланы мекендейтін ашатұяқты тұз жануарлары. Оның тұрқының ұзындығы — 135 см. ден 145 см. ге дейін, биіктігі — 80—90 см. шамасында болады. Еркегінің ақшылсары имек мүйіздері болады. Оның мүйіздері тибет және қытай халықтарында қасиетті деп саналып, әртүрлі дәрі-дәрмек жасау үшін жұмсалатын марал мүйіздері сықылды медицинада қолданылады. Ал, енді ұрғашысы мүйізсіз тоқал болады. Қарақұйрық қошқар тұмсық келеді.

Әзірше жылдың қай мезгілінде болса да, қарақұйрықты аулауға, атуға заң бойынша тыйым салынған.



Сырдарияға жақын құм далаларда өлденеше ғасырлар адам баспаған елсіз жерлер бар. Аңшылардың көп жыл бойы бақылауына қарағанда, қарақұйрық сол жерлерде өте қалың, тіпті мың-мыңдап өреді. Кей жылдарда қар қалың жауады да, қыс өте қатты болады. Қардың қалыңдығы жарты метрге жетеді, кейде одан да қалың түседі. Мұндай жағдайда қарақұйрықтың тебіндеп күнелтуі тым қыйынға айналады. Оның үстіне, ешбір панасыз, ашық далада соққан қысқы ызғырық жел қарақұйрықты шыдатпайды. Міне, осындай қыйыншылық кездерде олар жан сауғалап, Сырдария жайылымдарында өсетін қалың қамыс, қорық бұталарға қарай шұбырады. Осылай ауып келген қарақұйрық Сырдарияның жайылымдарында, өзекке жақын қалың қамыс ішінде үйір-үйірімен қаптап жайылып жүреді. Қамыс оған бірден азық болса, екіншіден суық желден қорғайтын пана.

Осындай қатты аяздарда қарақұйрықты көлдерге және өзен бойына жақын жердегі ауылдардың маңайында кездестіруге де болады, кейде ол ықтап қыстауға келіп, тіпті қораға да кіретін кездері болады.

Осындай қыйыншылық кездерде бұл жануарларды қатты қорғау керек.

### ИТЕЛГІ

Жазды күні қамысты көлдің жағасында, байқап отырсаңдар, кейде қамыс ұшын шала қалқып ұшып жүрген құс көздеріңе түседі. Ол оқтын-оқтын қамыстан жоғары көтеріледі де, қанатын жыйып төмен сорғалап қалың қамыстың арасына түседі. Бұл кезде суда жүзіп жүрген құстардың қаңқылдап шу ете қалғаны естіледі. Міне, бұл — суда жүзетін құстар-

дың ұяларын бұзып, балапандарын қыратын ителгі дейтін жыртқыш құс. Бұл — су құстарының қас жауы.

Сулы жердегі қалың қамыс арасын мекендейтін ителгі қарғадан көрі үлкенірек, құйрығында ақ бунағы бар, қауырсындары қоңырқай құс. Ителгі қанаттарының өресі 136 см-ге дейін болады. Ол жерге қонып отырғандағы бойының биіктігі жарты метрден асады. Ителгі ежелден су ортасындағы кішкене аралдарда өсетін қалың қамысты ұялайды. Ол ұя салатын мекенін суда жүзетін құстардың көп жеріне жақын маңайдан сайлап алады. Ителгі тек су құстарының өздерін ғана емес, олардың кішкене сары ауыз балапандарын және су жағасын мекендеп, судағы жұмсақ балауыз шөптермен қоректенетін ондатраны да көп қырады. Құстардың жұмыртқаларын жарып, ұяларын бүлдіреді.


Аңшылардың бақылауы бойынша, ителгі су құстарын және ондатраны азайтып, аң шаруашылығымызға тым көп зыян келтіреді. Сондықтан кезі келгенде ителгінің өзін де, оның ұясындағы жұмыртқаларын да және жас балапандарын да құрта беру керек.

### ОНДАТРА

Бұдан бірнеше жылдар бұрын мамық жүнді, терісі тым қымбат бағаланатын ондатра дейтін тышқан тәрізді аң Қазақстанның көлдеріне жіберілген болатын. Ондатраның алғашқы өсіп-өнген мекені — солтүстік Америка. Ол кәдімгі су тышқан сықылды, көл жағаларын және үлкен өзендердің көлге құяр жайылымдарын мекендейді. Суда өсетін балдыр, тағы басқа сол сықылды жұмсақ шөптермен қоректенеді. Ондатра су жағасынан ін қазып алады да, сонда тұрып өсіп-өнеді. Оның жатақ орнын табу тым қыйын, өйткені оның інінің аузы су ішінде болады.

Кейде ондатра суда жүзіп жүретін кішкене аралдарды мекендейді, мұнда да оның інінің аузы су жақтан шығарылады.

Қымбат бағалы, мамық жүнді аң терілерінің өндірісін дамыту жөнінде ондатра өсірудің маңызы тым зор.



Сырдария өзенінің жайылмаларына жіберілген ондатралар, ол жердің ауа райына, жаратылыс жағдайларына көндігіп, осы кезде мейлінше көбейіп кетті.

Қазіргі кезде Жаңақорған станциясынан бастап Арал теңізіне дейінгі үлкенді-кішілі 500 ге жуық көлдердің жағалары толған ондатра.



## ҚАЗ БЕН КӨКҚҰТАН ҚАЛАИ ЕСЕП ШЫҒАРДЫ?

Әуеде ұшып бара жатқан бір топ қазға қарсы жолығып жалғыз қаз:

— Есенсіндер ме, жүз қаз? — депті.

Сонда топты бастап бара жатқан қартан қаз оған былай деп жауап берген екен:

— Қателесесің, біз жүз қаз емеспіз! Егер бізге өзіміздей қаз қосылса, сонан соң жарымымыздай, содан кейін біздің ширегіміздей, содан кейін жалғыз қаз — сен қосылсаң, сонда біз жүз қаз боламыз... Қазір біздің қанша екенімізді енді өзің есептей бер!

Жалғыз қаз өз бетімен ілгері ұшып кете берді, бірақ жанағы жолыққан жолдастары қанша қаз екендігі жайындағы ой оның мыйынан кетпей қойды. Қаз қанша ойласа да, бұл есепті шығара алмады. Сөйтіп келе жатқанда, қаз бір көлдің жағасында құрбақа іздеп қыдырып жүрген ұзын сыйрақ көкқұтанды көрді. Көкқұтан барлық құс

атаулының ішіндегі ең атақты есепшісі болып саналады. Кейде ол бір аяғына басып, ұзақ уақыт тапжылмай ойлап тұратыны бар, сірә ол есеп шығарып тұратын болуы тиіс...

Қаздың қуанышы қойнына сыймады, ол көлге келіп қона қалды да, көкқұтанның жанына жүзіп жақындап келіп, жолда өзіне бір топ қаз қарсы жолыққанын, қаздардың басшысы қандай жұмбақ есеп бергенін, бұл есепті қанша ойласа да өзі шығара алмағанын көкқұтанға толық баяндады.

— Жарайды, шығарып көрейік, — деді данышпан көкқұтан, бір жөтеліп жіберіп, — бірақ сен шын ықыласыңды салып түсінуге тырыс! Естідің бе?

— Естіп тұрмын, тырысайын! — деді қаз.

— Саған қартан қаз былай депті. егер жолыққан бір топ қазға солардың өзіндей қаз қосса, сонсоң тағы оның жарымындай,

### ҚОЯННЫҢ АЗАЮЫ

Бұдан бірнеше жылдар бұрын Сырдария өзенінің жайылымдарында қоян тым қалың болатын еді. Соңғы кезде олардың тым азайып бара жатқандығы байқалады. Аңшылардың бақылауы бойынша, оған себеп бұл жерде кейінгі кездерде түлкінің өте көбейіп кетуі. Оның үстіне, шек құрт ауруынан да қоян көп қырылады. Бұл аурудың бір түрі «цистерка» деп аталады. Мұндай ауруға тап болған қоянның бүйректерінде, өкпесінде және кейде тіпті денесіндегі бұлшық еттерінде де көпіршіктенген цистерканың ақшыл майда ұрықтары пайда болады. Бұл аурудан қоян айыға алмайды.

Жазғы уақыттарда қоянның дене құрылысы нәзік жас көжектеріне маса, таскене сықылды арамтамақтар тым өш болады.

Соңғы жылдардағы бақылауға қарағанда, құмды далалардан ауған қоян Сырдарияның жайылымдарына көп келеді. Қоянның соңынан оның ежелгі жаулары түлкі мен жабайы мысықтар да өзенге қарай ойысып жыйнала бастады. Қоянның тәтті етіне қасқыр, бүркіт, үкі сыяқты жыртқыштар да тым құ-



мар. Осы себептер соңғы кездерде Сырдария бойында қоян тұқымы азайып бара жатқандығы байқалды.

Қызылорда облысы.

Н. Демчук.

содан кейін ширегіндей, оның үстіне сені де қосса, сонда жүз болады. Солай ма?

— Солай! — деп қаз жауап берді.

— Енді жағадағы құмға мен не сызатынымды қарап тұрғын, — деді көкқұтан.

Көкқұтан мойнын иіп ұзын тұмсығымен бір сызық сызды, оның қатарына сондай екінші сызық, астына бұрынғының жарымындай, сонсоң ширегіндей сызық сызды да, тағы бір тым қысқа, тіпті ноқаттай ғана кішкене сызық сызды.

Сондағы көкқұтанның сызған сызықтары мынау:

Қаз аз кідіріп, құмдағы сызықтарға қарап ойлап тұрды да, былай деп жауап берді:

— Топтың жарымын бейнелеген сызық сол топтың ширегін бейнелеген сызықтан екі есе ұзын, былайша айтқанда, жарым екі ширек болады.

— Жарайсың, қазым! — деп көкқұтан қазды мақтап қойды. — Ал, енді бүтін бір топта неше ширектік болатынын айт?

— Әрине, төртеу! — деді қаз.

— Жақсы! Енді егер бір топты, тағы бір топты, тағы жарым топты, сонсоң топтың

.....

.....

.....

.....

Қаз жүзіп жағаға келді де, теңселе басып құмға шығып суретке үніле қарады, бірақ ешнәрсе түсіне алмады.

— Түсіндің бе? — деп сұрады көкқұтан.

— Әзірше түсіне алмай тұрмын! — деп қаз мұңайып жауап берді.

— Әй, қазым! Міне, қарағын: саған оның айтқаны — бір топ және топтың жарымындай, сонсоң топтың төрттен бірі, тағы сен жалғыз қаз, менің сызғаным да сол, бір сызық, сондай тағы бір сызық, тағы жарты сызық, сонсоң сызықтың ширегі, содан кейін сені бейнелейтін кішкене сызықша. Түсіндің бе?

— Енді түсіндім! — деді қаз қуанып.

— Егер саған жолыққан бір топ қазға сондай тағы бір топ қосса, тағы сол топтың жарымындайды, сонсоң ширегіндей, содан кейін сен жалғызды қосса, сонда бәрі қанша болады?

— Жүз қаз болады!

— Егерде қоспаса, онда қанша болар еді?

— Тоқсан тоғыз.

— Жарайды! Енді жалғыз қаз — сені бейнелейтін кішкене сызықшаны шығарып тастайық, сонда 99 қаз қалды делік, — деп көкқұтан өзінің ұзын тұмсығымен құм үстіне бейнелеп сызды.

— Енді ойлап көрші, — деді көкқұтан, — топтың жарымы неше ширек болады?

ширегін бәрін де ширекке айналдырып барып қоссақ, сонда барлығы неше ширектік болады?

Қаз біраз ойланып тұрды да, былай жауап берді:

— Бір тобымыз сол топтың өзінің 4 ширектігіне тең, тағы бір топ, топтың тағы 4 ширектігі, бұлар 8 ширектік, енді жарты топ 2 ширектік, мұнымен қосқанда 10 ширектік болады, содан кейін топтың тағы бір ширектігін қоссақ, барлығы топтың 11 ширектігі болады, бұл 99 қазға сәйкес келеді.

— Дұрыс! — деп көкқұтан мақұлдады, — Енді ойлап қарашы, осыдан қандай нәтиже шығады?

— Маған жолыққан бір топ қаздың 11 ширектігінде 99 қаз болатынын білдім, — деді қаз.

— Демек, олай болса, топтың әрбір ширектігіне неше қаздан келеді екен?

Қаз 99 ды 11 ге бөлдідағы былай деп жауап берді:

— Топтың әр ширегіне 9 қаздан келеді.

— Ал, енді бүтін бір топта нешеу?

— Бүтін бір топта 4 ширектік бар... Менің кездестіргенім 36 қаз екен, — деді қаз қуанып.

— Міне, есепті осылай шығару керек! — деді көкқұтан маңғазданып, — өз бетіңмен ой жүгіртіп осыған жете алмадың-ау, ә!.. Әй, қазым!..

**А. Жаманов.**



Сенің дружинанда да, сөз жоқ, өздерің тіккен кестелерден, жасаған түрлі модельдерден, көрнекі құралдардан көрмелер жиі өткізіліп тұрады. Қашаннан көрме ұйымдастырылады деген хабарды естісімен қызу әзірлікке кірісу — жас техниктердің, жас шеберлердің дағдылы ісі. Қолдан келсе өнер салыстыру шынында қызық емес пе! Әсіресе, дружиналарда жиі ұйымдастырылып тұратын осы көрмелерге балалар жаппай қатысса қандай жақсы. Ал, жаппай қатысу соншама қыйын ба екен! Әрине, қыйын емес. Сендердің араларыңда өнер сүймейтін, шеберлікке талпынбайтын, сірә ешкім болар ма екен. Бірақ, осы қатарда сендердің бәріңді де ойландыратын бір жай бар. Ол әлгі өнерге, шеберлікке қалай үйрену керек! деген мәселе. Шынында да, қай істі қолыңа алсаң да, немесе, қандай да бір бұйым жасамақ болсаң да, сен алған бетте оны қалай жасау керек деп ойламайсың ба! Мысалы, сен жас техниктер өнерінен болатын көрмеге қатысуға ұйғардың дейік. Ол үшін сен яки радиоқабылдағыш, яки электропоезд, яки двигатель, яки адымды экскаватор т. с. с. құрастыруың керек қой. Міне, сол қабылдағышты немесе фотоаппаратқа үлкейткішін қалай жасау керек! Шіркін-ай, осындай да істің басы қасында шебер үйретуші болса! — деп те ойлайсындар.

Шынын айту керек, кей-кейде сондай үйретуші болмағандықтан бастаған ісін орта жолда аяқсыз тастап кетушілер де бар. Бұл, әрине, жақсы емес. Өйткені, егер сен шын өнерге, шеберлікке үйренгің келсе, талмай ізден, тыңғылықты бол. Мұндайда сенің үйретушің де, ақылшың да көп.

... Міне, сендер күндегі әдеттеріңше бүгін де әдейі кітап магазиніне келіп кірдіңдер. Келген бетте қазқатар тізілтіп қойылған кітап текшесіне көз жүгіртіп тұрсындар. Әлден уақытта алдыңғы жақ беттегі қыруар кітаптар ішінен көк, күрең-қызыл, сары, жасыл — түрлі түсті бояумен боялған шағын кітапшаларды байқадыңдар. Сол сәтте сендердің әрқайсыңақ іздегендерің жаңа табылғандай:

— Алақай, бізге керегі осы кітапшалар, — деп қуанып қаласындар.

Иә, «Шебер қолдар үшін» деген серияда шығарылып тұратын бұл кітапшалар сендерге жақсы таныс. Өткен жылы осы кітапшалар алғаш жарыққа шыққан бетте-ақ сендер «Пионер» журналы бетінен оқыдыңдар. Мүмкін, сендердің көбің ендігі осы кітапшаларды сатып алып, онда көрсетілген не алуан модельдерді өздерің жасаған да шығарсындар. Бұлай етсеңдер өте жақсы.

Таяуда осындай тағы да бірнеше кітапша жарыққа шықты. Москвадағы жас техниктердің Н. М. Шверник атындағы Орталық станциясы мен полиграф өнеркәсібі Бас басқармасының 13-баспаханасы быыл мұндай 26 кітапша шығаруды белгіледі.

Көркем шығарылған осы кітапшалардан сен талай бағалы кеңес аласың. Кітапшаларда сан түрлі мо-

дельдердің, аспаптардың, көрнекі құралдардың суреттері мен сызықтары берілген.

Сендердің көбің мектептегі жас техниктер үйірмесіне мүшесіңдер. Ал, бұл үйірмедегілер түрлі аспаптармен жұмыс істеп қана қоймайды, сонымен бірге көптеген аспаптарды өздері де жасап үйренеді. Ұстаның түрлі құрал-жабдықтарын жасап жүрген оқушылар әр мектепте бар. Бұл — сүйсінерлік іс. Түрлі құрал-жабдықтар жасау үстінде пионер еңбекке жаттығады, өнерге машықтанады.

Аспаптар жасай білсең, өз үйіңде де шағын мастерской жабдықтап алатының сөзсіз. Ал, әрқайсының үйде мастерскойың болса, өте жақсы. Сонымен сен ара, бұрғы, қашау, балға — ағаш ұстасы үшін қажет және басқа аспап жасауды үйренгің келе ме? Онда сен «Жас техниктің мастерскойы» деген кітапшаны оқып таныс.

...Еденге жаңа ғана құрастырып әзір етілген адымды экскаватор моделі қойылған. Экскаватордың қарсы алдында құм үюлі жатыр. Төңірек экскаваторға қызыға қараған балаларға толы. Олардың жүзінен: «Шынымен-ақ кәдімгі экскаватордай жұмыс істей алар ма екен!» — деген әлдеқандай таңырқағандық сезімді аңғару қыйын емес.

Әлден уақытта экскаваторды құрастырушылардың бірі — «аға механик»: «Шөміш түсірілсін» — деп жарлық берді. «Машинист» шөміш шынжырының қол сабын бұрай апа жөнелді, сол шақта экскаватор шөміші төмен түсіріліп үюлі жатқан құмға сүңгіп кетті. Бір сәтте тағы да: «Шөміш құмға толтырылсын!» — деген үн естілді. Сол-ақ екен, екінші шынжыр шыр айналды, ұзамай құмға толтырылған шөміш жоғары көтеріле берді. Енді бір сәтте шөміш тік жоғары, көкке көтеріліп, экскаватор орында тұрып шыр айналды. Шынжыр тағы да бірнеше дүркін айналдырылып еді, шөміш баяу төңкеріліп, ондағы құм лық етіп жерге қайта төгілді... Балалар қолдан жасалған адымды экскаваторды осылай қызыға қарап ұзақ тұрды.

Мұндай модельді, балалар, сендер де жасаңдар. Бұл істе саған «Адымды экскаватордың моделі» деген кітапша көмектеседі. «Шебер қолдар үшін» кітапшаларынан сен дәл осылай жел двигательін, трактор моделін, кино түсіретін аппарат, универсалды токарлық станок, физикалық аспаптар, тағы басқа көптеген бағалы, пайдалы бұйымдар жасауға үйренесің. «Шебер қолдар үшін» кітапшалар барлық кітап магазиндері мен Союзпечатьтың киоскаларында сатылады. Сондай-ақ, бұл кітапшаларды мына адреске хат жазып алдыруға болады: Москва, В—36, Черемушинская көшесі, 14 үй. Кітапты почтамен жіберетін — 93-дүкен.

Балалар, әңгімеленген осы кітапшалар сендерді шеберлікке үйрететін жақсы көмекшілерің. Ол кітапшаларды әрқайсың түгел сатып алып пайдаланыңдар. Қолдан түрлі аспаптар, модельдер жасап үйренетін болыңдар.



## ҚЫБЫЛАНАМАНЫ ТАПҚАН ҚЫТАЙЛЫҚТАР



Бұл оқыйғаның бәрі бұдан сан мың жыл бұрын болған. Қытай патшасы Хуанди жаугершілікпен бүлікшіл князь Чи-юді жаншу үшін жорыққа аттанды. Сонда патшаның әскері түнде адасамыз деп сескенбеді. Олар көбінесе, күндіздің өзінде мұнартып, түк көрсетпейтін қытайдың қалың тұманынан да хауіптенбеді. Мұндағы бар құпия, әскерді бастап келе жатқан екі аяқ арбада еді. Оның үстіне ағаш адам орнатылған. Оның ғажап қасиеті бар-ды — ол дәйімі оң қолымен оңтүстікті нұсқайтын. Мұндай арбамен жолдан адасу мүмкін емес.

Бұл ғажайып арбаны ойлап тапқан адамның есімін дәл ешкім білген емес. Тіпті, атам заманғы қытай кітаптарында оның есімі біресе ғалым Чжан Хэн, біресе Ма Цзюн деп аталады.

Бұл ағаш адам қалайша ылғый қолымен оңтүстікті мезгеп тұрады! Бұл, әрине, ерекше механизмнің көмегімен жасалатын болған. Ол үшін жолға шықпастан бұрын оңтүстіктің қай бағытта екенін дәл біліп алып, сонан кейін ағаш адамның қолын тура сол бағытқа мезгеп қою керек-ті. Міне, осыдан кейін жол бағытты қалай өзгертіп ирелеңдесе де, әлгі механизм адамның қолын оңтүстіктен айнытпай бағыттайды да отырады.

Қытайлықтар мұндай арбаны «Оңтүстікті мезгеуші арба» деп атаған. Бұл ағаш адам, дегенмен, әлі де нағыз қыбыланама емес еді. Бірақ ағаш адамның қолы, болашақ қыбыланаманың магнит жалатылған стрелкасы сыяқты, жөнді дұрыс сілтеді.

Сонау ескі заманда, 2300 жылдарда қытайлықтар магнитті, қыбыланаманы да ойлап шығарды. Олар кішкене кесек магнитті темір рудасын злады да, сонан шағын шөміш жасап, оны жалтырата қырналған мыс тұғырға орнатады. Шөмішті қолмен сәл қозғап қалса, ол шыр айналады да, жіңішке тұтқасы оңтүстікке бағыттала барып тоқтайды. Алайда, бұл бір жосын қыбыланама да қолдануға дәйімі қолайлы бола бермеді. Бір жерден бір жерге көшіп жүргенде немесе шайқалтып алғанда шөміштің тұтқасы басқа жаққа ауып кетіп, оны қайтадан дұрыстап орнатуға тура кеп жүрді.



Бірақ, қытайлықтар қыбыланаманы жетілдіре берді. Олар құрыштап пісірілген темір — болатты қолданды. Болаттан су бетінде қайықша жүзетін сәл бүгіңкі балық жасалды. Балықтың құйрығына магнит жалатып, су толтырылған шара аяққа салды. Сонда

балық су бетінде қалқыды да, оның магнит жалатылған құйрығы солтүстікке, ал басы оңтүстікке қарады. Кейін бұл қыбыланаманы қарапайым жасайтын болды. Болат стрелканы алып, оның бір ұшына магнит жалатты да, өзін кішкене қамыстың үстіне салды. Қамыстың үстіндегі стрелка жүзгенде, оның магнит жалатылған бір ұшы ылғый солтүстікке қарады.



Ескі заманғы Қытайда «Іліп қоятын қыбыланама» ең жетілдірілген қыбыланама боп есептелді. Магнит жалатылған стрелка салбыраған ұзын жібек жіпке балауызбен жапсырылды. Жіп айналуға кедергі жасамайтындықтан, стрелка еркін қозғала берді.

Қытайлықтар қыбыланаманы тек құрылықта ғана қолданған емес. 1123 жылы қытай патшасының Сюй Цзень дейтін бір төресі кемемен Сарытеңіз арқылы Кореяға сапар шекті. Сюй Цзень өзінің осы сапарының егжей-тегжейін жазғанда кемеде шара аяққа құйылған су бетінде жүзетін қыбыланаманың болғанын және оның стрелкасы ылғый оңтүстік пен солтүстікті айнытпай көрсетіп отырғанын баяндаған. Төренің айтуынша, қыбыланама тек ауа райының жадыраңқы кезінде емес, тіпті дауылды кездерде де қалтқысыз қызмет еткен.

Бір заманда қыбыланама орнына қытайлықтарға қызмет еткен екі аяқ арба сақталған жоқ. Бірақ, таяуда атам заманғы кітаптардың ішіндегі баяндалуы арқылы ол қайта қалпына келтірілді. Қытай Ғылым Академиясы осындай қалпына келтірілген екі аяқ арбаны Совет Одағына сыйлыққа тартты. Ол енді Ленинградтың Н. Н. Миклухо-Маклай атындағы музейде тұр. Кітаптың баяндауынша қайта қалпына келтірілген стрелкасы шөмішке ұқсас [сынаны] қыбыланама-сын да осы музейден көруге болады.



К. Шифрановский.



Гарти Гейслер

## БАЛЫҚШЫ

(Латыш ақыны)

Үш кісінің еңбегін  
Істеп келдік мана біз.  
Крокодилді өзеннен,  
Ұстап кейде аламыз.

Аз ауладық балықты,  
Жолым болмай мен бүгін.  
Таразымен өлшей ме,  
Жақсы жігіт еңбегін.

Әкем бәрін біледі,  
Қармаққа жем іледі.  
— Аулап алған балықта,  
Үлесің бар, — деп күледі.

Қорыта сөзді айтқанда,  
Жігітпін өнер асырған.  
Өзенге барса әкемнің,  
Қалмаймын, бірақ, қасынан.

Орысшадан аударған Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.

## САҒАТ БОЛМАҒАН КЕЗДЕ УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАҒАН

Ерте кезде-ақ адамдар уақытты өлшеуге талаптанған.

Осы мақсатта уақытты белгілеу үшін түрлі әдістер қолданған. Мысалы: ертеде бір монах күнде кеш түсе бір діни кітапты басынан түсіп оқыйды екен де: «Илифум хорының әулиесі, Асоф дұғасы» деген сөзге келісімен қоңырау соғады екен. Сөйтіп, ол уақытты оқыған кітабының бетімен өлшепті.



Оның таңертеңгі соққан қоңырауының дауысымен шіркеудің маңындағы тұрғындар да өз жұмыстарына баруға әдеттенген.

Бір күні қала адамдары: саудагерлер, ұсталар әдеттегідей қоңырау естімеген соң төсектерінде жата беріпті. Бір уақытта күн көтеріліп сәулесі үйдің ішіне терезе арқылы түскен кезде ғана олар:

«Бүгін күн түн ортасында шықты-ау, мынау бір сұмдық бөлмаса» — десіпті.

Сұрастыра келсе, ешқандай сұмдық болмапты, монах кітабын оқып отырып ұйықтап қалған екен.

Бұл әдіс уақыт өлшеудегі дәлдіктен, әрине, әлдеқайда алшақ. Өйткені, біреу тез оқыйды, ал біреу жай оқыйды, демек олардың оқу уақыттары әртүрлі болады.

Ертедегі адамдар уақыт өлшеуді адыммен де пайдаланған. Жерге тік қағылған бағананың күн сәулесінен болатын көлеңкесінің ұзындығы күні бойы өзгеріп тұратынын жақсы білесіздер.

Көлеңке таңертең ұзын болады да, түсте қысқарады, ал түс ауа кешке қарай қайтадан ұзарады. Міне, осы көлеңкенің ұзындығын адыммен өлшеп те уақытты анықтаған. Мұны «күн сағаты» — деп атаған.

Тағы бір қызық нәрсе, ертеде таныс адамдар көп уақыт көріспей жүріп кездесе қалса:

— Япыр-ай, көрмегелі қанша уақыт болды, содан бері қанша су ағып кетті, — дейді екен.

Оның мәнісі ыдысқа су құйып түбінен шүмек арқылы ағызатын болыпты. Ыдыс босау үшін біраз уақыт керек. Міне, осы құбылысты қайталау арқылы ертедегі адамдар уақытты өлшеген. Мұны «су сағаты» деп атайды. Оның күн сағатынан артықшылығы — ол күн көрінбейтін кезде, жауын-шашында, түнде де уақытты көрсете алады.

Бұлардың барлығының да көрсету дәлдігін қазіргі сағаттармен салыстыруға болмайды. Бірақ, бұл өлшемдер өмірдің керегінен туған еді.

І. Абубакиров.

## БІЛІН АЛЫҢДАР!

### ШАҢҒЫЛЫ ҚҰР

Қыйыр Солтүстікке қыста қар мейлінше қалың түседі. Бұл жақта адам жүріп келе жатқан жолдан шығып кетсе-ақ болғаны оппа қарға күмп береді. Бұл кезде ол жақтағы жазық жерде шаңғысыз жүру мүмкін емес.

Ал енді, осы жерде қысты күндері ұшпайтын ақ құрлар қалай күнелтеді? Бақсақ, олардың да шаңғысы болады екен. Бірақ олардың шаңғысы адамдардың шаңғыларына ұқсамайды.

Қыстың бас кезінде ақ құрлардың башпайларына ұзын қалың қауырсындар өседі. Міне, сол қауырсындар құсқа шаңғы қызметін атқарады. Қыс басында аяғына осындай «шаңғы» біткен құрлар көбік қардың, күртік қардың, оппа қардың бетінде де қорықпастан жортақтай береді.

### ТЕМІРЕТКЕ ДӘРІСІ

Былыр жүгеріден шығарылатын дәрілер мен заттардың көрмесі болып өтті.

Жаңалық табушы Карабакшиев, Пейчев, Тсмов сол көрмеде өздерінің жүгеріден тапқан әртүрлі витаминдері мен дәрі-дәрмектерін көрсеткен. Олар тапқан жаңа дәрілер теміреткені, сол сыяқты ас қазан, шектердің ауруларын емдеуге қолданылады (Болгария).

### УЫЛДЫРЫҚСЫЗ БАЛЫҚ

Байқал көлінде голомянка дейтін балықтың тұқымы бар. Оның сырты қабыршықсыз қызғылт. Голомянкада басқа балықтардай уылдырық жоқ. Ол құрылықтағы хайуандар тәрізді төлдейді. Төлді тапқаннан кейін аналық балық өліп қалады. Бұл өте қызық балық күндіз судың ең терең түбінде бұғып жатады да, түнде ғана су бетіне қорек іздеп көтеріледі. Голомянка Байқалдан басқа ешбір суда жоқ.

**ТЕРЕКТИ ӨЗЕНІНЕ САЯХАТ**

Біз жолға шыққанда аспан бұлтсыз, күн ашық еді. Теректі өзеніне бет алған 4-класстың барлық оқушыларының жүздерінде қуаныш бар. Аяқтарын жеңіл алып асыға алға басып келеді.

Біраз жүргеннен кейін артымызға қарасақ, ауылдан бір көш жерге ұзақ кетіппіз. Тек қырауға мүлгіген ағаштар қарауытып көрінеді.

Біз Теректі өзенінің теріскей жақ беткейінен құлап келеміз. Ұдайы көлеңке түсіп тұратындықтан болуы керек, жаңа жауған қырбық қар сусый түседі. Қарсымызда өзеннің күңгей жағы анық көрініп тұр. Күңгейге алғашқы жауған қар еріп кетіпті. Тек биік шыңдар мен қой тастар көзге түседі. Бір кезде биік жартастың маңынан үш-төрт елік өзенге қарай бет қойды. Оқушылардың барлығы да: «Елік, елік!» — деп айқайлап жіберді. Балалардың дауысын естіген аңдар бер жақтағы бізге құлақтарын тікірейтіп біраз тұрысты да, кенет барлығы бірден қаша жөнелісті. Жартасты айналып көрінбей кетті. Қібіртіктей жүріп түс ауған кезде өзенге де жеттік. Балалар өзеннің маңындағы жыраларға, буланып жатқан өзен суына қызықтап қарайды. Бір кезде Серғазы тұрып:

— Білесіңдер ме, осы өзеннің теріскей беткейінде мақта өседі! — деп қалды.

Саяхатшылардың барлығы да бір ауыздан:

— Мақта тек ыстық жерде өседі! — деп Серғазының сөзіне ду күлді.

Бірақ, Серғазы бөгелген жоқ, өз ойын әрі қарай дәлелдеп:

— Өткен жазда папам екеуміз ағаш күректік терек кесіп алу үшін осында келгенбіз, сонда папам бұл жерде мақта өздігінен өседі деген, біліп қойыңдар! — деді.

Оқушылар бұған енді дау айтпады. Өзінің сөзін Серғазы жалғай түсіп: — Көрмейсіңдер ме, күздардың екі жағы өте биік, табаны бір шақырымдай төменде жатыр, жазда бұл жерде адам шыдамайтын ыстық, тымық болады, не жел, не суық келмейді. Сондықтан, мақтаның өсуіне әбден мүмкіндік бар, — деп маған жаутаңдай қарады. Мен шәкіртімнің сөзінде шындық бар екендігін айттым. Келешекте табиғаттың бермесін тартып алатынымызды түсіндірдім. Барлығымыз да бұл күнгі саяхаттан кешке қарай ауылға көңілді оралдық.

**М. ҚАСЫМБАЕВ,**

Талдықорған облысы, Қапал ауданы.



**БІЗДІҢ ОТРЯДТА**

Біз оқу жылының бас кезінде-ақ отряд жыйынында сабақтан бос уақыттарымызды қалай өктізу керектігіне келіскен болатынбыз.

Олег Кошевой атындағы дружинаның 1-отряды әлі күнге дейін сол келісім бойынша жұмыс істеуде. Отрядтағы әр пионер сабақтан бос кездерінде мектептегі пионер бөлмесіне келіп газет-журнал оқыйды. Ән-күй үйірмесіне қатысады.

Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туған күніне біздің отряд үлкен концерт әзірлеп жүр. Бұл концертте сүйікті көсеміміз Ленин туралы хор, жеке тақпақтар орындалмақ «Көсем өмірі бізге үлгі» деген тақырыпта отряд вожатыйы Жақыпова баяндама жасамақ.

Көктем күнін біз асыға күтіп жүрміз. Қар кетісімен-ақ мектеп ауласына ағаш егуге, гүл өсіруге кірісеміз.

**К. ӘШІРБЕКОВ,**

Төменарық станциясындағы орта мектептің оқушысы.  
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н Лебедевтің «Бүгін В. И. Лениннің туған күні» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата проспект Сталина дом 79 редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 7/III-57 г. УГ00758. Бум. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> — 0,75 бум. 2,46 п л Тираж 31.000.  
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 364.



## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 12-номеріндегі «Ойлап таптың» жауабы.

### «ОЙЛАП ТАП»

1. «Кавказ тұтқыны». 2. Л. Н. Толстой, А. К. Толстой, А. Н. Толстой. 3. Ленз, Печора, Онега. 4. Зоя Космодемьянская. 5. «Москва—Пекин» В. Мурадели. 6. Композитор Хамиди. 7. Дина Нұрпейсова. 8. Ф. Г. Волков, Ярославль, 1750 ж. 9. «Ленин Октябрьде», «Ленин 1919 жылы», «Мылтықты адам», «Ұмытылмас 1919 жыл», «Ұлы таң шапағы». 10. 1776 жыл. 11. Шота Руставели.

\* \*

12. Түс. 13. Жаңғырық. 14. Тараканның мұрты. 15. Тоқтап тұрғанда. 16. Солтүстік полюсте. 17. Байкал көлі және Ангара өзені. 18. Жыйырма екі рет. 19. 5 декабрь, 1936 жыл. 20. 1937 жылы. 21. 1921 жылдан бастап аталды. 22. Қарағандыда Байжанов дейгін қойшы тапты.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Ж. Бимағамбетова, Қ. Әбдіхалықов (Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы), С. Сейтмағамбетов (Қызылорда облысы).


### ҚАЗАҚ МАҚАЛДАРЫ

Эрекет болмай, берекет болмас.  
 Қарманған қарап қалмас.  
 Жатқанға жан жуымас.  
 Жалқауға мал құралмас.  
 Бейнетің қатты болса,  
 Татқаның тәтті болар.  
 Қолы қыймылдағанның аузы  
 қыймылдар.  
 Еңбегіне қарай өнбегі.  
 Кім жұмыс істесе, сол тоқ.  
 Көз қорқақ, қол батыр.  
 Еңбексіз іс бітпейді,  
 Еріншектің қолы жетпейді.  
 Шапқан озар, жатқан қалар.

## КРОССВОРД

Көлденеңінен:

1. Тәтті тағам. 3. Белоруссиядағы қала. 5. Қыйыр шығыстағы азамат соғысының батыры. 7. Ауылшаруашылық құралы. 8. Үй мүлкі. 10. Европадағы өзен. 12. Құрылыс материалы. 14. Материал. 16. Сатиралық журнал. 17. Лепаның саласы. 18. Аравиядағы мемлекет. 19. М. Горькийдің романы. 20. Франциядағы буржуазиялық революцияны ұйымдастырушылардың бірі. 23. Литваның ақын әйелі. 26. Жер шарының қағаз бетінде бейнеленуі. 28. Матадан тоқылған әсем төсеніш. 30. Сөйлеу мүшесі. 31. Қазба байлық. 33. Қласс мүлкі. 35. Арифметикалық төрт амалдың бірі. 36. Түсті металл. 37. РСФСР мен Эстонияның шекарасындағы өзен. 38. Физикалық заряд. 40. Қазақтың батыр қызы. 42. Азиядағы мемлекет. 43. Қысқы су алатын орын. 44. Әдіс. 45. Грузияның ұлы ақыны.



Тігінен:

1. Жеңіл металл. 2. РСФСР-дағы облыс орталығы. 3. Жерорта теңізіндегі портты қала. 4. Жеміс. 6. Ну ағаш. 7. Грек мифологиясындағы батыр. 9. Музыкалық жазу. 11. Ағаштың түрі. 12. Өлшем. 13. Уақыт өлшеуіші. 14. Балықтың бір түрі. 15. Татар жазушысы Бәшіровтың романы. 21. Тіршілік көрегі. 22. Серт. 24. Сан. 25. Тігін құралы. 26. Жәрдем. 27. География карталарының жыйнағы. 28. Цирк комигі. 29. Техникалық өсімдік. 31. Искусствоның бір түрі. 32. Көркем әдеби шығарма. 33. Украинаның атакты ақынының есімі. 34. Теңіздегі құрлық. 38. Дәнді егістің бір түрі. 39. Қазақтың әйел композиторы. 40. Үй құсы. 41. Курортты қала.

Құрастырған С. ШЕКТІБАЕВ.

Алматы қаласы.



ОРМАННЫҢ  
ҚАУЫРСЫНДЫ ДОСТАРЫ

1. Қараторғай.
2. Суықторғай.
3. Сұршөже.
4. Бұлбұл.
5. Ақсары.
6. Бізтұмсық.
7. Қызылқұйрық.
8. Қызылтамақ.
9. Қоңыршымшық.
10. Көкек.

